



Құрметті студенттер, қадірлі оқытушылар, ардагер ұстаздар, қымбатты ата-аналар!

Ең алдымен сіздерді оқу жылының алғашқы күні – Білім күні мерекесімен құттықтаймын.

Биылғы педагогтардың Тамыз кеңесі «Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» ұранымен өтуі, сонымен қоса алғаш рет ғылым және жоғары білім форумының өтуі осы саладағы әр азаматқа үлкен мақсат жүктегені айқын.

Мемлекетіміз қоғамның әр саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Білім беру мен ғылым саласында да маңызды реформалар жасалуда. Біздің университетіміз де осы мақсатты жүзеге асыруда бар күш-жігерін жұмсауда.

Бұл оқу жылы университетіміз үшін мерейлі жыл болмақ.

Алдағы бір жылды толықтай біз Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына арнап, барлық іс-шараларымызды мерейтойлық ұранмен өткізетін боламыз. 90 жыл, бұл – ғасырға жуық тарих. Осы жылдар ішінде оқу орны сан мыңдаған түлекке өмірлік жолдама беріп, болашаққа нық қадам жасатты. Біздің түлектеріміз бүгінде қоғамның әр саласында алдыңғы қатарлы маман ретінде табысты еңбек етіп, ел мерейін асыруда. Біз университеттің тарихымен, түлектерімен және оқу орнының қалыптасып, дамуына зор еңбек сіңіріп келе жатқан педагог-ғалымдарымызбен қашан да мақтанамыз.

Н.Х.СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы БҚУ Басқарма төрағасы-ректордың м.а.,
б.ғ.к., профессор

Кешенді тестілеу қалай өтті?

9-бет



КОНСТИТУЦИЯ -
жаңа Қазақстанның дамуының негізі
3-бет

Білім ап саяңда...
4-5-беттер

Алыс кешенді сараман
ОРАЛ - ШЫМКЕНТ бағыты
8-бет

ШЫНАЙЫ ӘДЕБИЕТ -
тұлға мінезін түзеу құралы
10-бет

Тамыз айының 28-і күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ҚР Конституция күніне арналған дөңгелек үстел өтті.

КОНСТИТУЦИЯ - жаңа Қазақстанның дамуының негізі



Ата заң-алтын тұғырымыз! Ата заң - мәңгілік елдің мызғымас темірқазығы. Ата заңымыз- тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы. Дәл осы тұшымды ойды БҚУ-нің ұжымы да қолдайтыны сөзсіз. Оған дәлел бүгінгі өткен дөңгелек үстел. "Конституция-жаңа Қазақстанның дамуының негізі" атауымен өткен кездесуге университет басшылығы, ұстаздар қауымы, қадірлі қонақтар қатысты. Сөз алғандар кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты – Ата заң екенін қадап айтты.

Заң ғылымдарының магистрі Қайырбек Досжановтың пікірінше:

Мемлекет басшысы өз сөзінде, мемлекеттік билік бөлінісі – референдум негізінде жаңа модельге көшеді. Олар ыңғайлы жұмыс жасауы үшін барлық ықпал күшті жұмылдырамыз,-деген болатын. Осы орайда, әр мекеме, әр оқу орны, басқа да мемлекеттік емес ұйымдар, ішінде біздің оқу орны Жаңа Қазақстанның болашағы үшін қызмет етеді. Референдум уақытында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, кейінгі конституцияның мән мағынасын түсіндіру шараларын өткізуде университет ұжымы үлкен үлес қосып, қызмет қылды. Құқық қорғау органдары мен биліктің өзге тармақтарын алмағанның өзінде, елде өзгерістер лебі сезіледі. Экономикалық, әлеуметтік маңызы шешімдер халық мүддесі үшін қабылданып жатыр.

Дөңгелек үстел барысында сан түрлі пікірлер ортаға

тасталды. Баяндама оқыған жандардың барлығы Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар көзіне айналғанын айтады. Расымен, еліміздің басты құжатының арқасында айналасы 30 жылдың ішінде бірлігі жарасқан, өзге елдермен иық тірестіре қарыштап келе жатқан мемлекет атандық. Оның барлығы Ата Заңымыздағы адами құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің толық қамтылғанын айғақтайды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, профессор Н.Х.Серғалиев:

Ата Заңға енгізілген өзгерістер Ел Президентінің мемлекет алдында қойған мақсат –мүдделерін жүзеге асыруда үлкен ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, қазіргі қоғам билік алдында шындық, әділдік,әрі, айқындықты талап етіп отыр. Ал орын алған өзгерістер ел ахуалын жақсаруына септігін тигізеді деген үміттеміз. Осындай сұрақтар спектріне жиында жауап беруге тырыстық, -деді.

Айта кетсек, биыл Қазақстанның Ата заңына 27 жыл толып отыр. Сонымен қатар, 5 маусымда республикалық референдум өтіп Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енген болатын. Демек, қазақстандықтар жаңа Қазақстанға зор үмітпен қарайды. Атаулы датаға орай ұйымдастырылған дөңгелек үстел жоғары деңгейде өтті. Шара арнайы көрмемен жалғасты.

19 августа на странице Национального центра тестирования в социальной сети Instagram прошёл прямой эфир с целью распространения информации о Благотворительной программе «Образовательные гранты Общественного Фонда «Қазақстан халқына». Было выделено 2 350 грантов для выпускников школ и студентов.

В ПОМОЩЬ СТУДЕНТАМ

Подробно о процедуре получения гранта рассказала начальник отдела по рассмотрению заявок и обращений ОФ «Қазақстан халқына» Ардак Качкарова. В обсуждении программы также приняли участие партнёры Фонда – представители Общественного объединения «Taiburyl» Светлана Ермакова и Айдана Аманбаева.

Напомним, что 11 января 2022 г. Президент РК Касым-Жомарт Кемелевич Токаев поручил создать общественный социальный фонд «Қазақстан халқына» для решения проблем в сфере здравоохранения, образования и социальной поддержки. В рамках данной концепции были определены ключевые сферы деятельности Фонда и основные категории населения, которым будет оказываться первоочередная поддержка из средств, полученных Фондом.



Так, по программе образовательных грантов будет оказана поддержка выпускников сельских школ и студентов из социально-уязвимых слоев населения, повышение доступности высшего образования для данной категории граждан страны, а именно:

Выпускники, сдавшие ЕНТ в текущем году (можно подать один из сертификатов январского, мартовского, основного и августовского ЕНТ) и набравшие пороговые баллы для поступления в вузы:

- из малообеспеченных семей сельской местности;
- лица, относящиеся к сиротам и оставшимся без попечения родителей до совершеннолетия;
- лица с ограниченными возможностями, в том числе с инвалидностью.

Студенты, обучающиеся на платном отделении вуза:

- студенты, являющиеся лицами с ограниченными возможностями, в том числе с инвалидностью;
- студенты, являющиеся сиротами или оставшиеся без попечения родителей до совершеннолетия;
- студенты из малообеспеченных семей сельской местности;
- студенты из числа неполных семей, воспитывающих детей-инвалидов 1 и 2 групп;
- студенты, родители/родитель которого являются инвалидами 1 и 2 группы.

Важно также отметить, что в отличие от обладателей гос.гранта, обладатель гранта «Қазақстан халқына» после завершения обучения не обязан «отрабатывать» его. Также при взятии академического отпуска или переводе на другой факультет грант будет приостановлен.

В ЗКУ им.М.Утемисова поступили 9 абитуриентов, получивших образовательные гранты от ОФ «Қазақстан халқына» на такие образовательные программы как, например, «Экология», «Экономика и менеджмент», «Русский язык и литература» и др.

Также в скором времени ожидаются результаты конкурса образовательных грантов «Қазақстан халқына» для действующих студентов 2-4 курсов бакалавриата.

Жанна АВТАЕВА

ЗКУ принял участие в августовской конференции

18-19 августа прошёл крупный онлайн-форум «Наука и высшее образование: Трансформация. Качество. Ответственность» в рамках программы «Разработка 30 образовательных программ педагогического образования», организованный МНВО РК. В нем приняли участие представители двенадцати вузов страны, а также международные и местные эксперты из Казахстана и Финляндии.



Секции по разработке образовательных программ по биологии, химии, а также естествознанию проходили на онлайн платформе Zoom и в ЗКУ им. М.Утемисова.

На различных секциях форума были представлены новые образовательные программы по педагогическим и профильным специальностям, а затем прошло обсуждение содержания программ и выработаны общие рекомендации и предложения.

Жанна АВТАЕВА

«Адами капитал – жаңа Қазақстан дамуының негізгі ресурсы»

Дел осындай атаумен тамыз айының 24-25 күндері ғылым және жоғары білім форумы өтті.

Елордадағы басқосуға ғылым мен жоғары білім өкілдері, жоғары оқу орындарының басшылары, топ-менеджерлер, жұмыс берушілер, оқытушылар, жас ғалымдар мен студенттер қатысты. Айтулы іс-шараның екінші күнінде ғылым және жоғары білім саласының өркендеуі үшін ерекше маңызға ие шешімдер шығаруға бағытталған семинарлар желісі жалғасын тапты.

Сонымен қатар, ҚР Президенті Әкімшілігінің, Сенат, Мәжіліс, Үкімет, ҒЖЖБМ өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, академиялық мәселелер және ғылым жөніндегі проректорлары, аккредиттеу агенттіктерінің басшылары, Директорлар кеңесінің төрағалары мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен форумның пленарлық отырысы болып өтті. Пленарлық отырыс ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың сөзінен бастау алды. Ералы Лұқпанұлы ғылым мен білім беруді дамыту мен олардың елдің экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру механизмдерін құрастырудың аса маңыздылығын атап өтті. Осы бағытта зерттеу институттарын дамыту; ЖОО оқытушыларын шет елдердің ең үздік университеттерінен тағылымдамадан өтуге ынталандыру; мектеп, колледж, ЖОО-лар арасындағы сабақтастықты нығайту; білімді қоғам мәдениетін қалыптастыру; білім алушылар бойына білім мен біліктілікке құштарлықты, еңбексүйгіштікті, қоғам алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру – жетекші орынға ие болуы тиіс

екендігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, жиналыс барысында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҒЖЖБ вице-министрі Қ.А. Ерғалиев, Цифрлық даму министрінің бірінші орынбасары Ж.Х. Мадиев, ҒЖЖБ вице-министрі Т.И. Ешенкулов, т.б. саяси тұлғалар форум аясындағы өзекті тақырыптарды қамтитын мазмұнды баяндамалар жасады.

Республика шеңберінде алғаш рет өткізіліп отырған «Адами капитал – жаңа Қазақстан дамуының негізгі ресурсы» атты ғылым және жоғары білім форумы еліміздің ғылым және жоғары білім саласының алдына биік мақсаттар қойғаны сөзсіз.



Болашақта қойылған мақсаттар орындалып, еліміз өркендеудің жаңа деңгейлеріне жетеді деп сенеміз.

РЕГИОНАЛЬНЫЕ И ОТРАСЛЕВЫЕ ВУЗЫ КАЗАХСТАНА СТАНУТ ЛОКАЛЬНЫМИ ЦЕНТРАМИ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ПЕРЕДОВОГО ОПЫТА

Новые задачи перед вузами поставил министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек на пленарном заседании первого Форума науки и высшего образования. По словам министра, региональные и отраслевые вузы станут локальными центрами распространения передового опыта. Они будут проводить форсайт-исследования и прогнозы потребностей регионов в кадрах на ближайшие 5 лет.

Кроме того, отраслевые вузы будут разрабатывать Атлас профессий и классификатор специальностей для каждого региона.

«Нам предстоит большая работа, мы должны превратить региональные вузы в центр инновационной, научно-технологической, кадровой и производственной активности в регионе. Они станут стратегической платформой для взаимодействия всех ключевых стейкхолдеров. У нас уже есть предварительная договоренность с МЦРИАП по стыковке их региональных хабов с программой развития региональных университетов», - сказал министр Саясат Нурбек.

Как отметил министр, наука и высшее образование должны синхронизироваться с реальными потребностями экономики региона и страны в целом. Поэтому вузы перейдут на новую модель опережающего кадрового обеспечения.

«Вузы должны готовить кадры, исходя из реальных потребностей рынка труда. Сегодня на рынке труда



наблюдается избыток специалистов гуманитарных наук, в то же время не хватает кадров в области инженерии и педагогики. Модель высшего образования должна быть гибкой и адаптирована под текущие и перспективные запросы рынка труда, эффективно выполняя роль «социального лифта» для наших граждан», - отметил Саясат Нурбек.

В мероприятии принял участие заместитель Премьер-министра РК Ералы Тугжанов. В своем выступлении он отметил, что благодаря открытию в регионах по Поручению Главы государства филиалов зарубежных вузов, значительно сократился отток студентов из страны.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ғылым және жоғары білім форумы аясында өткен «Кредиттік оқыту технологиясының жаңа жағдайындағы бағалау жүйесі» атты екі күндік оқыту семинары аяқталды. Семинар жоғары оқу орындарының академиялық мәселелер жөніндегі проректорлары, декандар мен кафедра меңгерушілері үшін ұйымдастырылды.

Іс-шараның ашылуында ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев құттықтау сөз сөйледі. Семинарда «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі: білім мен құзыреттілікті бағалаудан оқыту нәтижелерін бағалауға дейін», «Оқыту процесінің таксономиясы әдіснамасы контекстінде білім беру бағдарламаларында оқыту нәтижелерін тұжырымдау», «Әлеуметтік құзыреттіліктерді бағалау тәсілдері» және т.б. тақырыптарда спикерлердің баяндамалары тыңдалды.

Сонымен қатар, ЖОО-лардың академиялық қызметіне бағалаудың жаңа жүйесін енгізу бойынша жалпы пікірталас өтті. Талқылау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді.

Іс-шараны қорытындылай келе, Astana IT University модераторы және бірінші проректоры Серік Өмірбаев баяндамашылар мен қатысушыларға семинар жұмысына белсенді қатысқаны үшін алғыс айтып, сертификаттар табыс етті.

Озвучен минимальный срок стажировки для СМИ за рубежом по «БОЛАШАК»



Главный менеджер управления организации конкурсных процедур АО «Центр международных программ» Гульзат Асанбаева озвучила минимальный и максимальный сроки прохождения представителями СМИ стажировки за рубежом по программе «Болашак», передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Максимальный срок – 12 месяцев, минимальный – месяц», - сказала Гульзат Асанбаева в ходе прямого эфира Министерства информации и общественного развития РК.

По ее словам, в вопросе выбора организации для прохождения стажировки ограничений нет.

«У нас на сайте есть список утвержденных вузов, признанные научные и отраслевые организации, выбрать можно из них. Тут нет ограничений, в академическом обучении есть Список вузов, а на стажировку вы можете предоставить любые организации по вашей сфере, где можно повысить квалификацию. Каждый документ, каждое приглашение рассматривается в индивидуальном порядке менеджерами, ответ дается в течение двух дней», - добавила спикер.

Как сообщалось ранее, работники СМИ теперь смогут пройти стажировку за рубежом по программе «Болашак». Журналисты, режиссеры, операторы, графисты смогут повысить квалификацию в ведущих зарубежных организациях и вузах мира по таким специальностям, как «Операторское искусство», «Режиссура», «Журналистика», «Визуальные эффекты. 3D анимация» и другие.

zhaikpress.kz



БҚУ әнұраны

Асқақтаған атың мәлім ұлы қазақ еліне,
Бой түзеген ерке сұлу Ақжайықтың төрінде,
Махамбеттей батыр бабам жастарымның ұраны
Өзіңменен көркейді, шежірелі Оралым,
Алтын Орда қасиетті асқарымсың шыңдағы,
Сан ұрпаққа білім беріп, өмірге де шыңдадың.
Тәуелсіздік алған елдің тірегі деп келемін,
Ұрпағымның ертеңі тек сен деп білемін.

Қ-сы:

БҚМУ, болашағымның тұмары,
БҚМУ, білімнің көусәр бұлағы,
БҚМУ, жастықтың мәңгі ұраны,
БҚМУ, БҚМУ!

(Қуаныш Қисметов)

(Жалғасы. Басы №3 санында)

18. Әліара

Үлкен көшелерде жабайы жайма базарлар дамылсыз жұмыс жасап тұрды. Қазақтың жап-жас келіншектері күн көріс үшін «спирт», «спирт» немесе «самопал», «самопал» деп тамағы «жыртылғанша» айқайлап тұратын. Арақ-шарап пен темекінің небір түрлері, сағыз, тәттілер (сникерс, марс, твикс, т.б.) сататын дүңгіршіктер көбейді.

Рәкет келе жатыр десе Әзірейіл келе жатқандай көрінетін. Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді. Заң-зәкүн солардың қолында. Өкінішке қарай, кейін сайдың тасындай талай оралдық оғандар алма-кезек оққа байланды.

Киім дегеннен еске түседі. Әлеуметтік жағдайы жақсы, тұрмысы түзу немесе сәңқой жігіттер таза былғарыдан жасалған «Саламандра» фирмасының жалт-жұлт еткен аяқ киімдері мен түрік бауырларымыздың жоғары сапалы шегренінен тігілген жаңа үлгідегі күртелері мен жер сызған плащтарын «сүйретіп» киіп жүретін.

Сол жылдары кәсіпкерлер мүйізді ірі қараның терілерін халықтан тиын-тебенге сатып алып, оны Түркияға жөнелтіп, базарларда қызу сауда жүріп жатты.

Ондағы айтпағымыз, қазақтың ақбас сиырларының терілері түркілік заманауи жаңа технологияның тамаша илеуі мен өңдеуі нәм шебер тігуінің арқасында өзімізге «сұмдық» бағамен қайта оралатын. Сондықтан оған екінің бірінің қолы жетпейтін.

Әлі де ештеңе өзгерген жоқ. Бертін келе ірі қара терісін халықтан жаппай сатып алу тоқтап қалды. Елімізде жыл сайын соғымға сойылатын миллиондаған мүйізді ірі қараның терілері бүгінде ешкімге керексіз болып, қазақ ауылдарында тау-тау боп «үйіліп» жатыр.

Сол жылдары көпшілік студенттер қытайлық «кожа-заменитель» күрткелерді қанағат тұтатын. Ол жаңалай алған кезде қаптаған сырмалары әм темір-терсектерімен ерекше үндесіп, қарауға көз керек боп, сондай жайнап тұратын.

Уақыт өте келе оның сырты қабыршақ-қабыршақ боп жарылып, ілезде түсі оңып, мыж-мыж боп алғашқы көркінен айрылып тынатын. Ол аздай ана жерінен бір, мына жерінен бір, тілім-тілім болып, «терісымақ» қаудырлақтан тігілген күрткенің біртіндеп сүдіні кететін.

Біздің жастық шағымызда қытайлық «адидас», «монта-на» спорттық костюмдері, сол елдің арзанқол кроссовкалары мен көйлек-көшпектері, басқа да киім-кешектері, «бойс» жемпірі, «джинсы», «малина» шалбарлары, «джинсовка» бешпет, «ондарт», бертін келе «норка» бөріктері сәнді киімдер санатында еді.

Бір-бірте бізден алыстап, бейнелеп айтсақ, бізге қол бұлған бара жатқандай көрінетін студенттік жылдардағы тәрбиелік шаралардан төмендегі нәрселер есімде жақсы сақталыпты. Бұл уақыт – елімізде ақындар айтысы енді-енді жандана бастаған кезең еді.

Біздермен бір курста қазақ филологиясында оқыған, кейін аттары облыстың шеңберінен шығып, республикаға жеткен ақындар мен өнер қайраткерлері көп болды. Олар Асхат Маемиров, Жібек Болтанова, Назгүл Каримова, Ертай Бимұқанов, Қазбек Әлмұқанов, Нұрлан Қосымбаев, т.б.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Студенттер көктемінде» сол қазақ филологиясының әзілкештері Мұқанғали Томанов пен Ақылбек Жұмашевтің сатираға құрылған скечтері әлі ұмытыла қойған жоқ.

Оларды сол заманның сахна саңлақтары Құдайберген Сұлтанбаев пен Тұңғышбай Жаманқұловтың прототипіндей көретінбіз. Әр қойылымдары студенттер үшін қызықты боп көрінетін. Бүгінде Мұқанғали бауырымыз өнердің өз адамына айналса, Ақылбек мырза белді мекеменің беделді қызметкері.

Сөзбасы

Тынымсыз күрестен тұратын тіршіліктің қадірін тереңнен түсінген бабаларымыз бағзы замандарда-ақ «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар»- деп, түгел сөздің түбірін тобықтай түйген.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тек облыстық немесе аймақтық білім беру жүйесіне ғана емес, республикалық аренада өзіндік озық дәстүрлерін қалыптастырған, қоғамға жоғары білімді мамандар даярлауда 90 жылдық бай тарихы мен айшықты қолтаңбасы бар өңірдегі бірегей білім ордасы һәм ірі ғылыми-оқу орталығы.

Қазақ халқының басынан өткен талай заманалық оқиғаларға куә болған Ақжайық топырағы – Қазақ мемлекеттілігінің бастау бұлағында тұрған шежіре өлке, Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқан киелі мекен.

Тарих тұңғығына бойласақ, еліміздің Батыс аймағы бағзыдан ілім-білімге кенде болмаған өңір. Патша заманының өзінде Бөкей даласында алғашқы қазақ-орыс дүнияуи мектебінің қазақ балаларына есігін айқара ашуы – өлкедегі білім нәрінің тамыры тереңнен бастау алатынын аңғартады.

Еліміз бойынша алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институты – 1928 жылы Алматыда ашылса, содан кейін көп ұзамай байтақ республикамыз бойынша екінші боп құрылған педагогикалық жоғары оқу орны – Орал педагогикалық институты еді.

Сөздің қысқасы, биыл М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің өз шәкірттеріне есігін айқара ашқанына 90 жыл толғалы отыр. Күллі республикамызға мәшһүр, осы бір айтулы ЖОО-ның соңғы 30 жылы менің жеке өміріммен тікелей байланысты. Олай болса бәрін басынан бастайық.

Білім ал саяңда...

Сол жылдары ұлтымыздың төл мерекесі «Наурыз» кеңінен аталып өте бастады. Осыған орай институтта ұйымдастырылатын тәрбиелік шараларға жалпақталдық группаластарым Данагүл Гумарова мен Нұрғаным Аманжолова белсене араласатын. Данагүлдің тамаша ән айтатын өнері болса, Нұрғаным өзіне ұсынылған қазақ әжесінің рөлін керемет сомдайтын.

Өңгіменің бағыты сол жылдары жарты құртты жарып жеп, бүтін құртты бөліп жеген группаластарыма қарай ойысқан екен. Олай болса біз үшін таусылмастай боп көрінген еркелікке толы сол бір студенттік жылдардағы құлын-тайдай тебісіп бірге өскен топтастарыма аз-кем тоқталайын.

Ақжайықтық Айнагүл Кидришеваның (қыз кезіндегі фамилиясы Ахметқалиева) жазу үлгісі ерекше әдемі, маржандай тізіліп тұратын. Лекция мен семинарда түрлі-түсті бірнеше қаламсапты қатар қолданатын өнері болды. Ал топтағы жігіттерден ақжайықтық Абай Қожанғалиев пен қазталовтық Бисебай Төлеповтің де «почерктері» нағыз «писарьдыкі» десе кім-кім де сенетіндей еді.

Осы орайда қаратөбелік Нұрлыгүл Қойшекенова мен тайпақтық Бақыт Кәрімованың сабаққа тиянақты өзірленіп, оны байыппен жеткізетін зеректігі, бүгінде марқұм, тайпақтық Гүлбаршын Төлеуованың сабырлы, салмақты мінезі, қазталовтық Қарлығаш Үмбетованың өзіне жарасып тұратын еркелігі, ордалық Мағжан Хайруллиннің эрудициясының кеңдігін айта кеткеннің ешқандай артықтығы жоқ.

Ал біздің қатарымызға кейін қосылған ақтөбелік Жарасхан Куляровтың бойынан сол уақыттың өзінде кәсіпкерлікке жақын қасиеттер байқалса, қызылордалық Айгүл Қаржаубаева қазақы, көпшіл мінезімен ерекше көрінетін.

19. Тақыр жерге шөп шықпайды

Орал – патша заманында еліміздегі үлкен саяси-әкімшілік, экономикалық-өнеркәсіптік, мәдени-рухани орталыққа айналған қала. Оған әсер еткен негізгі факторлардың бірі – 1867-1868 жж. реформа бойынша Орал шаһары – Қазақстанның батыс өңірінде облыс орталығы қызметін атқарды. Яғни, сол жылдары Қазақстанда құрылған алты облыстың бірінің әкімшілік орталығы болды.

Оның құрамына Орал, Гурьев (қазіргі Атырау аумағы), Калмыково, Жем (/Темір/ қазіргі Ақтөбе аумағының бір бөлігі) уездері енді. Сондықтан халықтың саны мұнда өзге өңірлермен салыстырғанда тығыз болды.

Қолда бар деректер XIX-XX ғғ. басында Орал облысы аумағында шамамен 1,6 млн. халық болғандығы туралы сыр шертеді. Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Әлхамдулла, біз қазақ 6 млн-ға жеттік» деп шаттанғанын еске түсірсек, Орал облысы тұрғындарының саны – сол заман үшін едәуір болғандығын байқау аса қиын емес.

Керек болса Орал – 1897 жылы Қазақстанда жүргізілген тұңғыш халық санағы бойынша еліміздегі ең халқы көп қалаға айналды. Мәселен, Оралда – 36446, Верныйда – 22744, Семейде – 20216, Қостанайда – 14175 т.с.с. болып жалғаса

береді. Ал XX ғасырдың басында Орал қаласының өзіндегі халық саны 50 мың адамға жетті дегенде деректер бар.

Қазақстанның батыс қақпасы болып саналатын һәм географиялық орналасуы жағынан алып мемлекетпен жапсарлас жатқан киелі өңір осылай отаршылдық саясаттың тірегіне айналып шыға келді.

Өрине, медальдың екі жағы бар. Орыс отаршылдарымен бірге аймаққа оқу-тоқу мен білім-ғылым да ілесе келгенін жасырып қалу қиын. Оған дәлел Қазан төңкерісіне дейін-ақ Орал қаласында ашылған оқу орындарында XX ғасырдың басындағы талай жергілікті ұлт марғасқалары білім алды.

Түсінген жанға мұны уақытында жан-жүрегінен өткізген Ұлы Абай: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», -деп қорытқан-ды.

Қолымызда бар, ғылыми айналымда жүрген деректерге иек артсақ, «XX ғасырдың басында Орал облысында 6 облыстық, 1 кәсіби және 63 көшпелі мектептер болған. Солардың ішіндегі ерекше оқу орны Орал әскери-реалды училищесі еді. Училище қабырғасында оқып, білімдерін Ресей оқу орындарында жалғастырған қазақ зиялылары аз болмаған».

Басқасын айтпағанда Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер бастаған Күн-Батыс Алашорданың қайраткерлері аталмыш оқу орнында білім алған еді. Тәспідей тізе берсек Оралда оқыған ұлт зиялылары мен қайраткерлерінің тізімі одан әрі жалғаса берері сөзсіз. Бірақ, біздің бұл жолғы басты мақсат – жергілікті ұлт асылдарын түгендеп шығу емес.

Сол заманның қайнаған қоғамдық-саяси өмірінің белор-тасында жүрген, біздің өңірден шыққан айтулы интеллектуалдар тек жоғарыда аталғандармен шектелмесі анық-ты.

Осы ретте 1913 жылы Ж.Сейдалининнің: «қазақ зиялыларының тарландары – Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейханов және Бақыш Құлманов, бұл үшеуі өзі үш рулы ел болса да, Алаш дегенде басы бір жерге қосылса керек», -деу себебіне көз жіберген дұрыс.

XX ғасырдың басындағы Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтай көшбасшының қос қапталында иықтіресіп тұрған қос алыптың Ақжайық топырағының ұлы перзенттері екені, әрине, көңілге жылылық ұялатады.

Сөз орайында айта кетерлік тағы бір маңызды нәрсе, қазақ үшін һәм қымбат, һәм қасиетті «Қазақстан», «Алаш» атаулары – байтақ еліміздің Батысында алғаш рет ресми түрде қолданысқа енген-ді. Біздіңше, мұның бәрі кездейсоқ нәрсе емес.

Ойды ой қозғайды. Бір дерек екіншісін еске түсіреді. Атам қазақ: «Тақыр жерге шөп шықпайды» дегенді бекерден-бекер айтпаса керек. Тамырынан айрылған теректің тез солып, тез қурайтыны бесенеден белгілі.

Ондағы айтпағымыз не? Біз нені меңзеп отырмыз? Сөз жоқ өмір мен қоғамның өз заңдылығы бар. Не нәрсенің де мықтылығы оның тамыры мен іргетасына байланысты. Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттық құндылық!

Бөкей ордасы – тұңғыштар мекені. Тарқатып айтсақ, олар қазақ жеріндегі қазақша-орысша оқытатын тұңғыш мектеп, тұңғыш музей, тұңғыш архив, тұңғыш жәрмеңке, тұңғыш дәріхана, тұңғыш мерзімдік баспасөздердің бірі, тұңғыш «Қазынашылық» мекеме, т.с.с. болып жалғаса береді.

«Жәңгір хан» мектебін бітірген дарындар мен дарабоздардың өзін тізе берсек басты тақырыптан ауытқып кетуіміз мүмкін. Сондықтан біздің бұл жердегі негізгі айтпағымыз, патша заманының өзінде Батыс Қазақстан өлкесінде білім һәм ағартушылық бағытта игілікті істер жолға қойылды.

Уақыт өте билік алмасты. Патша тақтан құлады. Билікке келген Кеңестер бұқараның жаппай сауаттылығын көтеру және жоғарғы білімді мамандар даярлауды күн тәртібіне шығарды.

Алматыда еліміз бойынша алғаш ашылған педагогикалық жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институтынан кейін, біздіңше, Орал қаласында мұғалімдер дайындайтын институттың ашылуы кездейсоқ емес-ті. Мәселен, жергілікті жердің білім әлеуеті де соған сай, жоғарғы білімді мамандар дайындайтын талаптарға барынша дайын болу керек-ті.

Осы орайда біздің өңірімізден шығып, мемлекеттік деңгейде ел билеу ісіне араласқан Қазақ АКСР-і ОАК-нің тұңғыш төрағасы, Кеңестік Қазақстанның тұңғыш президенті Сейітқали Меңдешев (1920-1925) пен Қазақстан Халком кеңесінің төрағасы Ораз Исаевтың (1929-1938) есімдерін тілге тиек еткеннің ешқандай артықтығы жоқ.

Мәселен, кейін Қазақ оқу-ағарту халық комиссариаты төрағасы қызметін абыроймен атқарған Сейітқали Меңдешовтің Орал педагогикалық институтының ашылуына ықпалы болғанын тарихи шындық үшін айтуға тиістіміз.

Түйін

Біз бұл жазбамызда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдық тарихын кезең-кезеңімен жүйелеп шығуды алдымызға басты мақсат етіп қойғанымыз жоқ.

Өйткені бізге дейін жарияланған университеттің мерейтойларына арналған көптеген кітаптар мен жинақтарда бұ мәселеге арнайы назар аударылған.

Сондықтан біз бұл жолы өзіміздің артта қалған қызығы мен шыжығы мол студенттік жылдарымызды жеке басымызбен байланыстыра саралап, көргеніміз бен көңілге түйгенімізді ғана тілге тиек еттік.

Мақсат – бізден кейінгі өсіп келе жатқан өскелең жас ұрпақты 90-жылдардағы студенттік өмірмен таныстыру, сол заманның көрінісін санамызда қайта жаңғыртып, біздің буынға сабақ берген ұстаздарымызды құрметпен еске алу.

Кеңес кезеңінде А.С.Пушкин атындағы ОПИ-дың білім сапасы Алматыдағы Қаз ПИ-ден кейін екінші орын алады екен деген әңгіме халық арасында жиі айтылыпты. Иә, «халық айтса, қалып айтпайды» деген нақыл бар.

Соның кішкене бір көрінісі, көршілес жатқан Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының талапкерлері ОПИ-ға жиі келіп, оқуға көптеп түсетін және оларға осында оқу үлкен дәреже, зор мәртебе саналатын.

Осы жылдар ішінде университеттің қабырғасынан сан мыңдаған шәкірттер жаңа өмірге қанат қақты. Әрине, кез келген ЖОО өзінің дарынды түлектерімен мақтанатыны рас. Бірақ, біз нақ осы жолы оларды шып-шырғасын шығармай, түп-түгел түгендеп шығуды өзімізге міндет еткеніміз жоқ.

Соған қарамастан Ел Тәуелсіздігі жылдарында Білім және ғылым министрі болған екі ірі тұлға Иманғали Тасмағамбетов пен Бірғаным Өйтимова ОПИ-дың кеңес заманындағы түлектері екені назар аударарлық.

Бұл үрдіс әлі тоқтаған жоқ. Алдымен осы институттың жанындағы педагогикалық лицейде, кейін осы институтта білім алған түлегіміз Серік Шапкенов соңғы жылдары ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалды. Сөйтіп, еліміздегі ең жас министрлердің бірі болып еңбек етіп жатыр.

Педлицей дегеннен еске түседі. Батыс Қазақстан өңірінің білім әлеуетінің әлі ешкімнен кем емес екенін осы университеттің жанындағы лицейдің дарынды ұл-қыздары сан мәрте дәлелдеді. Бұл мектеп – жиырма шақты жыл бойы күллі республика бойынша ҰБТ-да маңдайы жарқырап, алғашқы орынды иеленіп, ешкімге дес бермеді.

Шын мәнінде бұл, бұрынғы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты, қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қай уақытта да бәсі биік, жұлдызы жоғары екенін дәлелдейді. Өйткені біздің ЖОО-ның қоғам алдындағы негізгі миссиясы – мектепке заманауи озық мұғалімдер даярлау!

Мың бұрала аққан ерке Жайықтың жағасында орын тепкен әйгілі білім ордасының – сырты мен ішінің өзара үйлесім тапқан сұлулығына тамсана қарап, оған мың мәрте басын иіп, алыста қалған жалын атқан жастық шақтарын сағына еске түсіріп, аңсайтындар көп.

Батыс өңіріне білім шырағын жаққан қара шаңырақ һәм Киелі Ордам – 90-ға келген толағай жасың құтты болсын! Біз Өзіңе мәңгілік қарыздармыз! Жаратқан Ием ғасырлық тойыңа да «төрт көзіміздің түгел жиналуын» нәсіп етсін!

Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты,
облыстық мәслихаттың депутаты

НЕМНОГО ИЗ ИСТОРИИ ВУЗА

Дорогие читатели!

В этом 2022 учебном году наш вуз отмечает 90-летний юбилей со дня основания. ЗКУ им.М.Утемисова рос и развивался все эти годы вместе со своими студентами и выпускниками, стремясь к прогрессу, новым тенденциям и реалиям времени. Думается, что любое учебное заведение – это живой организм, поэтому, достигнув лидерских позиций, наш вуз не останавливается и продолжает крепнуть.

Безусловно, 90 лет – это солидная дата даже для университета! За это время он претерпевал изменения, не только связанные с кадрами, образовательными программами, внутренней политикой и пр., но и, как настоящий живой организм, – внешние. Возможно, многие из Вас не только знают и помнят историю нашего вуза, но ещё и сами причастны к ней, возможно, кто-то подзабыл некоторые моменты из-за недолговечности человеческой памяти, а, возможно, для кого-то еще предстоит путь изучения истории ЗКУ им.М.Утемисова, но мы думаем, что Вам всем будет одинаково интересно рассмотреть эти архивные фотокарточки.



Первый выпуск исторического отделения, 1936 год.



Фасад Уральского педагогического университета имени А.С.Пушкина, фото 1950 г.



Сквер Уральского педагогического университета имени А.С.Пушкина, фото 1952 г. В данный момент на месте памятника И.В. Сталину установлен памятник Абаю Кунанбаеву.



Фото 1960 г.




Здание пединститута в советские годы

«Одним из самых страшных пожаров города Урalsка стал пожар 1979 года в здании Уральского педагогического института. Воспользовавшись тем, что проход на чердак был открыт, дети залезли на крышу и устроили там костер. Огонь тут же разлетелся, и на его тушение понадобились целые сутки. Часть здания была уничтожена, пострадала уникальная библиотека. На тушении были задействованы части пожарного гарнизона, работники «Водоканала», военные. Левое крыло рухнуло до третьего этажа, и только благодаря

оперативным действиям профессионалов жертв не было. Впоследствии постройку реконструировали» (из архивных материалов).

Жанна АВТАЕВА



Абай күні мерекесі қарсаңында «Абай – руханият қазығы» атты әдеби-музыкалық және мұражай кеші өтті. Бұл әдемі кешке М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қызметкерлері онлайн қатысты.

«Абай – руханият қазығы»

Кеш бағдарламасы Алматы қаласында орналасқан ҚР Орталық мемлекеттік мұражайының деректану және қолжазбалар бөлімінің басшысы Жасұлан Белтенов Абайдың қолжазбаларын зерттеп, басып шығару жұмыстары туралы баяндады. Абайдың Семей қаласында орналасқан «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығының ғылыми қызметкері Азамат Қажыбай мұражай-қорықтың экспозициясы бойынша виртуалды экскурсия өткізді. Ұлы Абай мұрасын шетелде насихаттау туралы тілдік білім кафедрасының аға оқытушысы Қарлығаш Нұрланқызы Шохаева айтып берді. Университет сту-

денттерінің орындауында Абайдың әуендері, әндері мен өлеңдері шырқалды.

Қазақстан Республикасының мерекелік күнтізбесіне 10-тамыз Абай күні болып енгізілгеніне биыл 2 жыл толды. Осы 2 жылдың ішінде университетіміз бұл күнді тойлауды дәстүрге айналдырды. Ұлы ғұлама өмірінің соңына дейін жастарды білім мен ғылымға баулумен айналысқан. Өскелең ұрпақ үшін сан алуан тақырыптағы еңбектері мен тәрбиелік мәні зор қара сөздерін мұра етіп қалдырған. Оның өлеңдері әр қазақ жүрегінде. Бүгінгі мерекеге орай университет қызметкерлері дана Абайдың өлең шумақтарын оқып, мерекені тойлады.

Кітап сөресі

Тұлдар мен кітаптар

Дидар Амантай қазіргі таңда кең насихатталып, шығармалары жан-жақты талқылауға түсіп жүрген жазушы. Әдебиеттің шеңберін бұзып, тыңнан түрен салуды мақсат еткен Дидар, жазушы ретіндегі миссиясын біршама орындады десек те болар. Оның «Гүлдер мен кітаптар» романы оқырманды бей-жай қалдырмайды.

«Гүлдер мен кітаптар» постмодернистік бағытта жазылған, бұрын-соңды қайталанбаған тың дүние. Бұл кітапты оқи отырып таңдай қағатын тұстар кездеседі. Романның ішіне роман кіргізу бағыттық жағынан тың бастама. Және жер бетіндегі кең таралған діндерді бір таразыға салып, сопылық әлемнің бет пердесін көз алдымызға әкелгені өз алдына бір өңгіме. «Мұса, алейһис сәләм, Ғайса алейһис сәләм, Мұхаммед, Салла(а)ллаһу алейһи уә сәлләм» деген тақырыптан бастап «Сопыға» дейінгі аралықта бас аяғы 20 беттің аясына әлемдік мәселені сиғыза алған. Бұл тұста оқырман көркем шығарма емес, ғылыми еңбекті парақтап отырғандай әсерде қалады. Романның бір бөлімінде діни бағыт айтылса, ендігі бір бөлімінде Әлішер бейнесімен берілген қоғам мәселесі, жазушы өмірі суреттеледі. Әдебиет мәселелеріне қарасты ойын сұхбат, сюжеттер арқылы сан қырынан айқын жеткізе білген. XX ғ. басында өмір сүрген қазақ қаламгерлері, өз заманының ащы да тұщы тұстарын қаламына желеу ете отырып, сол ғасырды «қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деген биік атауға көтере білген болатын.

Жаңашылдық іздеген жазушы жаңалық ашты. Бұған біз қуануымыз керек. Келешекте жаңа ой қалыптастыратын бағытқа ауытқып көрді. Қарапайым оқырмандар шығарманы оқуда «түсіну қиын, тілі ауыр,

шыдамды қажет етеді» деп жатады. Түсіну нәліктен қиын? – шығармада тек бір ой, бір бағыт суреттелмеген, үйреншікті бір адамның басындағы тағдыр бір ізділікпен суреттелуі мұнда жоқ. Иә, бұл жерде негізгі кейіпкер Әлішер ғана емес. Ол қатарда тағы бір кейіпкер бар. Ол – Әлішер жазып отырған романның екінші тағдыры. Тілі неге ауыр? – көп оқырман тілінің ауырлығын «бірнеше беттік шығарма авторлары мен гүл атаулары» біткен тұстан бастайды. Ауыр тіл деп айтуға еш негіз жоқ. Рас, шыдамды қажет ететін шығарма. Жоғарда айтқандай бірнеше ойдың тоғысқан орнын толыққанды түсіну үшін романға ену керек, көз сыдыртып оқып шыға салуға болмайды. Шай емес, май ішкізетін шығарма. Осы романдағы тағы бір ауқымды дүние, жиырма бес жырды жазуы. Бөріден тараған қазақ баласының ауыздан-ауызға тараған аңыз, фольклоры романға енгізілген. Бұл тұста түп тарихымызды романға айналдырған оғыландарымыздың қатары көп екендігін айта кеткіміз келеді: Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыраны», Әбіш Кекілбаевтің «Үркері» т.б. Әдебиет майталмандары жазған бір-бірімен сабақтас романдарға осы бір жыр кіріспе бөлім іспеттес.

Қаламы қарымды жазушының жырды жазуда кемшіліктері қылаң береді. Бөрі ұрпағы ұрпақ сабақтастығын қалай жалғастырды деген мәселеде кемшілік айқын байқалады. «Алаша жасы он үшке толғанда, бір күні түнде кенет оянып кетіп, іргесінде мызғып шалқасынан жатқан қасқырдың ашық таңын көріп, бойын жабайы құмарлық сезім билеп алады, ол ары аунап ұзынынан қасқырдың үстіне құлады» – текті түріктің ұрпағымыз деп төс қағып жүрген пікірімізге қарама-қайшы, оғаш дүние. Бауырына салып бала

қылып, ақ сүтін беріп аялап өсірген Көкжал анасына ашыналық жасау адам айтса нанғысыз, тектілігімізге балта шауып, миға сийайтын дүниені көлденеңдеп алдымызға ұсыну. Түріктің арғы бабасы Алашаның аспаннан тілеп алған айы, өлгенінде көрген қызығын жел соқса қалбалақтайтын көбелекке телуі біз қазақпыз деп төс керіп, қызын оң жағына отырғызатын тектілігімізге сызат, аналарымыздың арына дақ келтіру (бұл жерде айтып отырғаным, көрде жатқан Алашаның ауылға қызды іздеп баруы, сол жерде жағымсыз бейнені көріп көріне оралуы, артынан қыздың Алашаны іздеп келуі, т.с.с желі)

Қазақ тарихы, ұлт болмысы басқаларға немен жетпек? Әрине, көркем шығарма арқылы. Дидардың еңбегін оқыған кез келген шетел азаматы осыдан кейін тектілігімізге күмәнмен қарамасына кім кепіл? Бұнымен біздің бүгінгі күндегі тыңнан жол салған жазушымыз не білдіргісі келді? Аңызды өзгерткеннен оған келер не пайда?

Сөз соңында Герольд Бельгердің Дидар Амантай жайлы жақсы пікірін ортаға қосқым келеді:

«Дидара роман - сто страниц; повесть - десять, рассказ - три-четыре, литературоведческий, философский этюд - одно-два предложения. Пишет он плотно, короткими фразами, экономно, сухо, оставляя много «люфта» для разгадывания, додумывания, размышления, толкования читателя. Он не разжевывает. В прозе он философ, в философии - прозаик. Читателю он предлагает только выжимки, экстракт, суть своих раздумий и наблюдений. Он убедителен в диалогах, деталях, штрихах, нюансах. Он создает настрой. Часто овеванный печалью. Герои его – молодые люди, ищущие, сомневающиеся, легко ранимые, рефлексирующие, взыскующие».

Романды оқыған әр оқырман сыншы. Әркімнің өз ойы, өз бағасы бар. Меніңше, бұл шығарманың өміршеңдігі алдағы уақыттың еншісінде секілді...

Айзада ДЮСЕНОВА



Қадірлі оқырман!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Өркен» газеті 88-маусым жұмысын бастады. Елдегі елеулі саяси-әлеуметтік мәселелермен қатар, ғылым мен білім саласындағы тың өзгерістерге бағытталған тұшымды ой, татымды пікірлеріңізді жариялауды жалғастырамыз. Жаңа маусымда «Тарихи тоқсан жыл», «Университет мінбері», «Спорт саңлақтары», «Мәртебелі мамандық» және т.б. айдарлар шығып отырады.

Құрметті ардагер ұстаздар, оқытушылар мен қызметкерлер!

Білім мен ғылымдағы ауқымды шаралар сериясын, мазмұнды мақалалар мен эксперт-тік ойларыңызды жариялауға біз қашан да дайынбыз. Жоғары оқу орны жылдарындағы еріксіз езу тартқызар әдемі естеліктеріңізді баспа бетінде жарық көруі үшін редакциямызға хабарласыңыздар.

Қымбатты студент жастар!

«Өркен» газетінің негізгі кейіпкерлері өздеріңіз секілді дарынды жастар. Мамандыққа қарамастан өмірін газетпен байланыстырғысы келетін әр студентке редакция есігі айқара ашық. Күнделікті іс-шаралар мен конференцияларды, үзеңгілес достарыңыздың оқудағы, спорттағы, өнердегі жетістіктерін, қызықты оқиғаларыңызды, өлең-жырларыңызды әкеліңіздер! Біз қашан да жалынды жастарды қолдауға әзірміз!

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Бас ғимарат, 122 кабинет
87112 509445, 87789085913

Ciao, WKU!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне әр жыл сайын серіктес университеттерден білікті оқытушылар келуі дәстүрге айналған. Биылғы жаңа 2022-2023 оқу жылында Америка, Италия, Түркия мемлекеттерінен мамандар тарту жоспарланған. Италияның Қазақстандағы елшілігінің арнайы жобасы аясында БҚУ-ға серіктес Неаполь университетінен (Италия) Вирджи Эмилисал Ферранте есімді оқытушы келді.

Вирджи Ферранте – өзге ұлт өкілдеріне итальян тілінен сабақ береді, босқындар ісі бойынша ерікті. Сонымен қатар, Португалияның Лиссабон қаласында Airbnb қауіпсіздік бөлімінде жұмыс істейтін Airbnb тұтынушыларға қызмет көрсету агенті қызметін атқарады. Қосымша Иммигранттарға тәлімгерлік етіп, Ауғанстаннан келген босқындарға жергілікті тілді үйретеді.

Вирджи Феррантенің Батыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері үшін итальян тілін тегін үйретеді. Оқытушының өзі бакалавриатты Неапольдегі Шығыс университетінде «Шығыс және Африка тілдері мен мәдениеттері» мамандығы бойынша, магистратураны «Жерорта теңізі және Ислам елдерінің тілдері, мәдениеттері», «Шетелдіктерге итальян тілін оқыту» мамандықтары бойынша тәмамдаған. Сонымен қатар, Хайфа университетінің халықаралық мектебінде Иврит тілі курстарынан өткен. Вирджи Феранте бұдан бөлек, араб тілінде де еркін сөйлесе алады. Оқытушы өзі туралы:

Мен өзімді тыңдауға бейім өте сезімтал адаммын және бұл дағдыларды тәжірибе арқылы жетілдірдім. Шетелде волонтер болдым және инженер офицер ретіндегі бұл қызметім төзімділікті, топта жұмыс істей білуді, стресстік жағдайларға бейімделуді үйренуіме мүмкіндік берді,-дейді.

Вирджи ханым, Қазақстанда алғаш рет. Алдағы уақытта Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларына сапар жоспарлап отыр. Орал қаласының архитектурасы мен сәулетіне таңданысын жасыра алмады. Университетте оқу жылының соңына дейін жұмыстанады. Осы жобаға шақырған жетекшілерге шексіз алғысын білдірді.



ЖАЗҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғалымдары 15-29 тамыз аралығында далалық ғылыми экспедицияға аттанды. Экспедицияға қатысушылар Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М. Ахмеденов, Ғылым және ЖООҚД бөлімінің жетекшісі М.Г. Какишев және аға ғылыми қызметкер Б.Б. Сарсенова, ғылыми қызметкер А.Е. Сарманов және кіші ғылыми қызметкері Е.С.Султанов суқоймалардың гидробионттарының сандық, сапалық көрсеткіштерін, таксономиялық құрамын және суқоймалардың экологиялық жағдайын бағалау мақсатында географиялық, гидробиологиялық, ботаникалық, гидрохимиялық, микробиологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғылыми-зерттеу экспедициясы арнайы жоба аясында іске асырылуда. Ғылыми жоба атауы – Батыс Қазақстан суқоймаларының гидробионттары мен микробиомының жағдайын бағалау және олардың өзгерістерін болжамдау. Аталмыш жобаның жетекшісі б.ғ.к., профессор Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев.

Негізгі мақсат – Батыс Қазақстан ішкі суқоймаларының микробиомын, гидробионттарды гидробиологиялық және метагеномды зерттеу және оларды қоршаған ортаның экологиялық жағдайының маркері ретінде пайдалану, балық қорлары мен су өсімдік жамылғысы жағдайына олардың әсерін кешенді бағалау.

Сонымен қатар, Пермь мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің 3 курс аспиранты Ә.А. Қабдрахимов диссертациялық жұмысы аясында арахнологиялық ғылы-



ми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, Сұлукөл, Соркөл (Шыңғырлау ауд.), Шалқар, Бобровое (Теректі ауд.), Брусяное, Прорва (Байтерек ауд.), Глубинное (Ақжайық ауд.), Айдын (Жаңақала ауд.), Балықты Сарқыл, Сарышығанақ (Казталов ауд.) көлдерінен сынамалар алынып кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

С СЕНТЯБРЯ 2022 ГОДА ОЖИДАЕТСЯ ПОВЫШЕНИЕ СТИПЕНДИЙ

«С сентября этого года стипендия наших студентов вновь возрастет на 20%. К примеру, студенты, обучающиеся по педагогическому направлению подготовки, начнут получать более 58 тыс. тенге, по другим направлениям – порядка 37 тыс.тенге. стипендия магистрантов увеличится до 86 987 тенге, докторантов – до 195 000 тенге», – сообщил директор Департамента высшего и послевузовского образования МОН РК Адлет Тойбаев.

Студенты университетов			
2021 - 2022 гг.		2022 - 2023 гг.	
Сейчас:	31 423 тг.	Будет:	36 660 тг.
Студентам , обучающимся по педагогическим направлениям подготовки			
Сейчас:	50 400 тг.	Будет:	58 800 тг.
Магистрантам			
Сейчас:	76 950 тг.	Будет:	86 987 тг.
Докторантам			
Сейчас:	172 500 тг.	Будет:	195 500 тг.

20%
Увеличение

15%
Увеличение

Педагогтік қайта даярлау курстарына тыңдаушыларды қабылдау туралы

ХАБАРЛАНДЫРУ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагог кәсіби қызметіне алғаш рет кіріскелі отырған тұлғалар үшін педагогтік қайта даярлау курстарына тыңдаушыларды қабылдау басталғандығы туралы хабарлайды.

Тыңдаушыларды қабылдау келесі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады:

- Биология;
- Химия;
- География;
- Педагогика және психология;
- Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі;
- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
- Қазақ тілі мен әдебиет;
- Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті;
- Орыс тілі мен әдебиеті;
- Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
- Шетел тілі: екі шетел тілі;
- Математика;
- Физика;
- Информатика;
- Тарих;
- Дене шынықтыру және спорт;
- Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы;
- Мектептегі көркем еңбек және дизайн;
- Музыкалық білім.

Курсқа түсушілер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- 1) еркін нысанда жазылған ЖОО басшысының атына өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) 3х4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) бекітілген 086-У нысанындағы медициналық анықтама;

- 6) келесі құжаттардың біреуі тапсырылуы керек:
 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 292 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 мамырда № 18764 болып тіркелген) бекітілген педагогтің кәсіби стандартының (бұдан әрі – педагогтың кәсіби стандарты) 5-ші деңгейіне сәйкес оқу нәтижелері көрсетілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат;
 - педагогтің кәсіби стандартының 6-деңгейіне сәйкес оқу нәтижелері көрсетілген жоғары білім туралы құжат;
 - педагогтің кәсіби стандартының 7-ші деңгейіне сәйкес оқу нәтижелері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжат.

Сонымен қатар, осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылуы тиіс. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар иелеріне қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, қабылдау комиссиясының хатшысы құжаттарды кейін қайтарады.

Құжаттарды қабылдау Біліктілікті арттыру және қайта даярлау орталығында 2022 жылдың 22 тамызынан бастап 22 қыркүйекке дейін Орал қаласы, Студенческая көшесі,1(№8 оқу ғимараты), 303 кабинетте жүргізіледі.

Курстар тиісті білім беру бағдарламасы мен оқыту тілі бойынша топтардың қалыптасуына қарай жүргізілетін болады.

Қосымша ақпаратты Біліктілікті арттыру және қайта даярлау орталығының жетекшісі Телагисова Дарина Шаумуратқызынан, әдіскері Адилханова Асем Алжанқызынан 87774264420, 8(7112)50-41-51 телефондар арқылы немесе Орал қаласы, Студенческая көшесі,1, 303 кабинеттен алуға болады.

Орал вокзалынан жолға шыққалы болашақ географ ретінде айналамыздағы табиғатқа, ондағы ерекшеліктеріне бақылау жүргізіп бастадық. Әр бригада өз жұмысын қалтқысыз атқарып, сөйтіп жолаяқ Түркістан қаласына да келіп жеттік.

Бұл өлкенің тарихи және киелі жерлеріне барып көруге ұйымдасқан топ жетекшілермен түс аумай жатып бағыт алдық. Алғашқы бағытымыз XIV ғасырдың ерекше сәулет өнерінің бірі, Әмір Темірдің бұйрығы бойынша тұрғызылған - Қожа Ахмет Яссауи кесенесі болды. Жалпы, бұл жерде ескерткіштің өзіндік ерекшеліктерін бірден байқауға болады. Мысалға: ескерткіштің өз қалпын ұзақ жылдар бойы міз қақпай сақтағанына таңданғанымыз рас. Және мұнда Қазақ хандығын басқарған хандар мен сұлтандар, беделді билер, белді батырлар жерленген. Бейне бір тарих беттерін ашқандай сезім.

Кесенедің мешіт, кітапхана, екі сарай залы, сағана, тұрғын бөлмелер, асхана, орталық зал - қазандық, құдықхана бар. Кесененің оңтүстік жағындағы кіреберісте - арка ойығы орналасқан. Оның екі жағына минареттер тұрғызылған. Кіре бергенде ең үлкен бөлмеде осы кесененің ерекше бір жәдігері, сыйымдылығы 3000 л, салмағы 2 тоннаны құрайтын - Үлкен Тайқазан орналасқан. Мұнда келушілердің мақсаты - осында жатқан әулие кісілерге зиярат ету. Бұл кесене ислам дінінің айрықша көрінісінің бірі де бірегейі. Себебі, ғимараттың алдыңғы жағында Құранның 59, 60, 61, 62 және 63 сүрелері жазылған.

Кесенеден шыққасын, оған жақын жерде көне және жаңа заман сәулет өнерін ұштастырып жасаған туристік кешен - Керуен сарайға аяқ бастық. Керуен сарайдың алар аумағы да аз емес - 20,5 гектар. Осыншама аумақты алып жатқан бұл кешен көзге көркем көрінер сәулет өнерімен жасалған. Кешенге кіргенде алдымыздан алтын жұмыртқа салынған үлкен уя көрінді. Бұл қазақ мифологиясындағы қыран тәрізді алып құс - Самұрықтың ұясы екен. «Алтын Самұрық» деп аталатын, ішінде өткеніміз бен бүгінгіні көрсететін ұшатын театр бар. Тағы бір ерекшелігі нысандарды жалғастырып жатқан қолдан жасалған су арнасы өтеді. Каналдың үстімен қайықтармен жүзуге болады. Осыған қарап халықтың «Қазақстанның Венециясы» аталып кеткенді. Бұдан да басқа дүкендер, түрлі ойын-сауық орталықтары, дәмханалардың түр-түрін кезіктіруге болады. Керуен сарайы кешегісі мен бүгінгі дәріптейтін, өзіндік атмосферасы бар өте ерекше жер. Сарай Орталық Азиядағы баламасы жоқ, туристерді көп қабылдайтын жерге айналатынына сенімдіміз.

Одан әрі қарай сапарымызды жалғастырып, қала шетінде орналасқан Арыстан баб кесенесіне тоқтадық. Бұл кесене — көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған. Кесене дөлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған.

Түркістан облысына келіп, сонау тарихтағы елеулі оқиғалар болған — Отырар қаласына бармау, географ-тарихшы атымызға сын болар деп, Отырар қалашығына табан тіредік.

Моңғол шапқыншылығына дейін Орталық Азиядағы ең ірі қала боп, гүлденіп тұрған бұл қаланың бұзылған орындары ғана қалған. Алайда, археологтардың арқасында ашылып, табылған бірнеше жерлер мен мешіт, моншаларды болсын көруге болатынына қуандық. Бұрын кітаптан ғана оқыған бұл қаланы аралау барысында біртүрлі бөлек сезім туды. Бейне бір сондағы алапат оқиғаларды құрқеп сезгендейміз.

Түркістанды тамаша таңданыспен тамашалап таныған біз ендігі бағытымызды Шымкентке алдық. Бойымызға күш-қуатымызды жинап, тыныққан соң күнмен бірге көтеріле қаланың қызықты жерлерін өз көзімізбен көріп, бақылауға шықтық. Солай екен, біз осы қала сыртында орналасқан «Арнайы экономикалық аймаққа» барып, бригада мүшелерімен бірнеше өндіріс орындарын аралап, бақылау жүргіздік.

Мұндағы: «Бал Текстиль» ЖШС кілем

Еліміздің ең желгі қаласы - Шымкент қаласын білмейтін қазақстандық кем де кем шығар. Жылына 300 күн шуақты ауа-райы болатын шырайлы, жасыл желек жамылған, қазаны сарқылмаған қонақжай, тарихы тереңге тұнған шаһар бұл.

Бұндай әсем қалаға ағылып келетін адамдар да жетерлік. Бізде география мамандығының студенттері батыстан оңтүстікке ат басын бұрып, алыс кешенді сараманымызға аттандық.

Алыс кешенгі сараман

ОРАЛ – ШЫМКЕНТ бағыты



шығару зауытының, «Dalsan» ылғал майлық фабрикасының, «BARS» деген таңбамен сатылып жатқан аяқ киімдер шығару цехының, «AZALA COTTON» ЖШС мақта-мата, иірімжіп өндіретін фабрикаларының әрқайсысының толықтай жұмыс істеу құрылымымен жеке таныстық. Бұл өндіріс орындары жылына сапасы жағынан да, саны жағынан да жұмыс істеп, өз өнімдерін шығарып отыр. Негізгі серіктестері Түркия елі. Жылдық табыстары да айтарлықтай көп. Бұл жерлерден шыққан өнімдер Қазақстанның біршама қалаларына, онымен қоса ТМД елдеріне экспортқа шығады. Тіпті, кең ассортиментті кілемдер еуропалық нарықта да сұранысқа ие. Бұл біздің елде осындай өндіріс орындарының болуы бәсекеге қабілеттілігінің бір көрінісі деп білемін.

Келесі күні таң сәрімен ерекше қорғалатын аймақ Ақсу-Жабағылы қорығына жеттік. 1926 жылы құрылған Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы - Талас Алатауының солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Түркістан облысының Түлкібас

ауданы аумағында орналасқан. Бұл жерге алғаш келгеннен-ақ бірден өзінің өте сұлу табиғатымен баурап алды. Жасыл желек, биік-биік таулар дәл өзіміз оқыған география кітабындағы фотосуреттегідей. Бірақ, бұл табиғатты тек шынайы көзбен көрсек ғана бүкіл тамашасын байқайсыз.

Экспедициямызды бастаған қорық қызметкерлерімен бірге теңіз деңгейінен 6000 метр жоғарыға көтерілдік. Тауға шығуда оңай емес екен. Сонда да, бұндай таза табиғаттың көрінісіне көзіміз тоймай, жан-жағымызды бақылап жүрген біз бұндай биіктікті демде артта қалдырыппыз. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан. Біз Кіші Қайыңды сарқырамасына келдік. Таудан аққан су қандай мөлдір таза, қандай салқын десеңізші. Шөлімізді шөп ете қандырып, біраз аялдадық. Табиғатқа тағы да тамсанып жүріп, тіпті өсімдіктің ізі қалған айрықша тасты тауып алдық. Бәріміз жиналып, енді тағы да 6000 шақырым төменге түстік. Жалпы алғанда 12 шақырым жол жүрген біз қорық туралы қызметкерлерден де көптеген ақпарат естіп алдық. Бұл жерде бұрындары

мал баққан көрінеді. Қорық фауна мен флораға бай. Бірақ, аптап ыстыққа, шыбын-шіркейге шыдамайтын жануарлар тек күн батқасын шығады екен.

«Бір құдірет тұла бойды тасқанда, Құлаш ұрмай тауға, шыңға, асқарға, Қыр баласы тауға қарап өспейді, Қыр баласы қол созады аспанға...»- деп, тау басында өндеткен біз, таудың биіктігін, қорықтың қонысын қимай-қимай іштей қоштасып, кері қайттық. Бұл әсер, бұл көрініс, бұл естеліктер жүрегімізде жаңғырып, санамызда сақталып мәңгі тұрады.

Сараманның санаулы төртінші күніне де жеттік. Бұл күннің бастамасы ретінде Бәйдібек ауданына қарасты әулие Домалақ ана кесенесіне табан бастық. Домалақ Ана Кесенесі - Қаратаудың күнгей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында. Халық арасында Домалақ ана атанған Нұрила Әли Сыланқызының зиратына тұрғызылған.

Нұрила (Домалақ ана) - Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі. Тарихи жазбаларда Домалақ ананың адамгершілігі, әдептілігі, парасаттылығы мен шыншылдығы және аналық қасиетінің арқасында «Домалақ ана» аталуы жайлы көптеген деректер жазылған. Нұрила ана 1456 жылы мамырдың 28 жұлдызында қайтыс болған, сол жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді алдыртып, ана басына төрт қанатты күмбезделген кесене-там тұрғызады. XI - XV ғасырлар аралығында Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қайта жөндеуден өткен. Домалақ ана кесенесі жерден 12 м биіктікте сегіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігінің үстіне күмбез орнатылған. Аңыз бойынша, Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек жаны таза адам өте алады. XX ғасырда салынған кесене 6 бағаналы болған.

Сапарымыздың соңғы аялдамасы, табиғаттың ерекше көрінісі — Ақмешіт үңгірі болды. Ақмешіт әулие үңгірі — Түркістан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан. Ұзындығы 254, ені 65, биіктігі 25 метр. Өктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ үңгір. Ішіне кіргенде бұл шынында қалай пайда болған деп таңдандық. Қарлығаштар қылмысып, салқын жел ебіп тұр. Төменге түскенде шырақшы ата батасын беріп, біз үңгірді аралауға кеттік. Бұл жерге келген адамдар ірілі ұсақты тастарды бір-бірінің үстіне жинап, үйшік секілді тұрғызып кетіп жатқанын көрдік. Себебі, бір кездері бұл жерде адамдар құлаған тастың астында қалған деседі. Сол аруақтарын құрметтеу мақсатымен осындай тастарды көптеп жинап кетеді екен.

Үңгірдегі жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ел арасында бір кездері онда бір әулие әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген де аңыз айтылады. Үңгірге перзент көрмеген кейбір ерлі-зайыптылар, ауру адамдар әлі күнге дейін түнеп, мінәжат етеді.

Осылайша, біздің Орал-Шымкент бағытындағы алыс кешенді сараманымыз да аяқталды. Шымкент шаһарынан, Орал өлкемізге қайта оралдық. Оңтүстік аймағы өзіндік ерекшеліктерімен қызықтыра алды. Біз оны осы сараман арқасында байқай алдық. Өңірдің ғажап табиғат байлығы, адамдардың ыстық қыласты қонақжайлығы, тамыры тереңде жатқан тарихи ескерткіштері, қайнап жатқан тірлік, ісі өрге домалаған кәсіпорындарың, тағамдарының тәтті татымы бәрі-бәрі мына біздің есімізде мәңгі қалатын дүние бола алды. Біз өз сараманымыздың мақсатына жеттік. Міндеттері мен тапсырмаларын толық орындай отырып, өзіміздің географиялық таным көкжиегімізді де кеңейте алдық.

Көпке олжа бола бермейтін бұндай алыс кешенді сараманның іске асуына бізге мүмкіндік қып берген, қолдаған университетіміздің ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиевке ерекше ықыласымызды білдіреміз. Сонымен қатар, ұйымдастыруға атсалысқан университет ұжымына, топ жетекшілеріне де алғысымыз шексіз!

Айгүл МЫРЗАҒҰЛ,
ГТ-21 тобы

БАР МЕЙІРІМ БАЛАҒА!

Жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында университет басшылығы және бастауыш кәсіподақ ұйымы тарапынан ұжымның бірқатар қызметкерлеріне қолдау көрсетіліп келеді. Биылғы жылы да аталмыш дәстүр жалғасын табуда.

26 тамыз күні университет ректоры Н.Х.Серғалиев университетте қызмет атқаратын көп балалы отбасыларға көмек қолын созып, оқуға қажетті жабдықтар мен кеңсе тауарларын табыстаған болатын. Сонымен қатар университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы М.Қ.Сулейменов университет ұжымының қызметкерлерін аталмыш акция аясында қолдау көрсетілуі үшін облыстық кәсіподаққа ұсынған еді.

31 тамыз күні БҚО Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы М.О.Даупаев М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қызметкерлері, Бастауыш кәсіподақ мүшелері Н.С.Губашеваға, Ж.С.Мусинаға, Г.Ж.Имашеваға мектепке қажеттіліктерін алу үшін қаржылай сыйақы табыстады.

Сонымен қатар, Университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы да БҚУ төрінде Орал қалалық 1-ЖОББМ-ке қадам басқалы отырған бүлдіршіндерді қабылдап, жас өрендерге жабдықтар салынған сөмкелерін сыйлады. Өз сөзінде ЖОО-ның бірінші басшысы:

Қадірлі жас достар! Жаңа оқу жылы-жаңа мүмкіндіктер береді. Осы оқу жылында сендердің өз қабілеттеріңді



шыңдап, білімдеріңді жетілдіріңдеріңе сенемін. Ұстаздар мен мектеп ережесін қатаң сақтаңдар! Сендер – мықты-сыңдар, елдің сенім артқан ертеңі өздерің! Мен, Сендерді әрдайым қолдаймын,-деді.

Көп балалы отбасынан білім айдынына қадам басқан жас бүлдіршіндердің қадамдары оң болсын!

Шілде айының 20-сы мен тамыздың 10-ы аралығында бакалавр иелері мен басқа да талапкерлерге магистратураның кешенді тестілеуі өтті. Жыл сайын аталған сынаққа бақтарын сынайтын белсенділердің қарасы көбейіп келеді. Биыл тестілеуге 36000-нан аса талапкерлер қатысты. Бұл өткен жылғы көрсеткішке қарағанда 2000 адамға жоғары. Еліміз бойынша аталған магистратураға жалпы саны 13000-нан аса білім гранттары бөлінген болатын. Оның ішінде «Шет тілі мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Математика мұғалімдерін даярлау» және «Құқық бағыттары» зор сұранысқа ие болды.

Кешенді тестілеу ҚАЛАЙ ӨТТІ?



Үміткерлер оқуға дайындықты анықтау және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден өтті. Сынақ қорытындысы 23 тамыз күні Ұлттық тестілеу орталығының веб-сайтында жарияланған болатын.

Көптен күткен сынақтың нәтижесінде 142 талапкер М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің магистранты атанып, ғылыми даму жолындағы жұмыстарын әрі қарай жалғастырмақшы. Оның ішінде 104-і арнайы грант иегерлері атанса, ақылы бөлімге тапсырғандардың саны 38 адамды құрап отыр. Аталған талапкерлер тарих педагогтарын даярлау, психология, физика-математика

және биология педагогтарын дайындау бойынша мамандықтарды игеруді көздеп отыр. Барлық грант иегерлері 28 тамызға дейін Жоғары оқу орындарына барып, құжаттарын тапсыра алады.

Терең білім мен кәсіби біліктілікті шебер ұштастыра білетін болашақ магистрлерлердің бұл қадамы озат келешекке бағыттаған жұмыстарының соңы болмайды деп сенеміз. Себебі ғылым қуу жолын таңдаған әр талапкер саналы ұрпақтың ізін жалғап, мемлекет дамуына үлес қосатын үлгілі жандар болмақ. Магистрлерге жаңа оқу жолында сәттілік тілейміз!

Поздравляем!

Коллектив
Западно-Казахстанского университета
имени Махамбета Утемисова
сердечно поздравляет
Члена Союза Журналистов РК,
академика Академии Педагогических
наук Казахстана,
доктора педагогических наук, профессора



КЫДЫРШАЕВА АБАТА САТЫБАЕВИЧА
с назначением на должность главного
редактора республиканского
литературного, культурного и
познавательного журнала «Махамбет».
Желаем крепкого здоровья и дальнейших
творческих успехов и новых достижений!

Құттықтаймыз!

Құрметті, Айсұлу Елтайқызы!

Сіз Қазақстанның жоғары білім беру ісі мен ғылымын дамытуға және зерделеуге аса зор үлес қосқан, бар өмірін білім беру саласына арнаған, сан мыңдаған шәкірттердің жүрегінде ғылымға деген сүйіспеншілігін оятқан аяулы ұстазсыз.

Қазақ елі Сізді киелі Ақжайық өңірінде дүниеге келіп, білімнің көкжиегіне көз тіккен «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, қарымды ғалым, көптеген ғылыми-білім беру және инновациялық жобалардың бастамашысы ретінде таниды.



Сізді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қасиетті білім ордасында ширек ғасырға жуық қызмет етіп, ғылымға сара жол салған көрнекті оқытушысы, мыңдаған шәкірттерді «ғылымдардың патшасы — математика» әлеміне баулыған ұстаз ретінде құрмет тұтамыз. Өмір керуенінде өзінің уақытын аямай, шәкіртінің бақытын аялай білген ұстаз бақытын да осы жолдағы адал еңбегіңізбен таптыңыз.

Сіздің жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымын дамытудағы жұмысыңыз Отанымыздың гүлденуіне бағытталған адал да риясыз қызмет етудің үлгісі болып табылады. Жемісті еңбек, қажырлы қайрат пен шебер іскерлігіңіздің арқасында әріптестеріңіздің құрметіне бөленіп келесіз.

Қадірлі, Айсұлу Елтайқызы! Сізге зор денсаулық, күш-қуат, ұзақ ғұмыр, барша игі жақсылықтардың ортасында болуыңызды тілейміз. Бүгінгі мерейлі шақта Сізге ел игілігі үшін атқарып жатқан еңбегіңіз елеулі болып, ғибратты ғұмыр кеше беруіңізге тілектеспін!

Игі тілекпен, математика кафедрасының ұжымы

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлымен Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоғаммен байланыс және көпшілік жұмыс секторының жетекшісі Нұфтоллина Аягүл Рухоллақызының жүргізген сұхбатынан үзінді

ШЫНАЙЫ ӘДЕБИЕТ - ТҰЛҒА МІНЕЗІН ТҮЗЕУ ҚҰРАЛЫ

- Абат Сатыбайұлы, қазіргі таңдағы оқырман моделі, көркем шығарма оқу мәселесі, оқырман талғамы туралы тоқталсаңыз?

Көркем әдебиет – қастерлі өнер. Аксиома дерсіз! Біздіңше, көркем әдебиеттің құндылығы ешқашан да төмендемек емес. Бұл жерде көркем шығарманы біреудің оқуы не оқымауының қатысы жоқ. Даусыз ақиқаты – әдеби шығарманың адамның күллі ойы мен қиялын баурап, биік қоғамдық идеяларға, арман-мұраттарға жетелейтіндігі. Бұлайша тұжырым жасау – қазіргі құндылықтар алмасқан дәуірде ескірген сенім емес пе дерсіз? Асылы, белгілі бір көркем әдеби шығарманың қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығына, оқырманын эстетикалық сезімге бөлей алатынына шүбә жоқ! Демек, әдебиеттің құдіретін, әлеуметтік мәнін, күллі қоғамды өзгертушілік күшін осы тұрғыдан тану шарт. Шынайы әдебиет ескірмейді. Өз кезеңінде атақты Аристотель әдебиетті өмірді танудың, тәлім-тәрбие берудің негізгі нысанасы тұрғысында пайымдаған. Әйгілі Әуезов әдебиеттің зор міндетінің бірі елдің мінезін түзеу тұрғысында түйіндеген. Бүгінгі кезеңдегі зерттеуші ғалымдардың бірі, профессор Кит Оутли көркем әдебиетті «сананың пилотажды жаттығуы» үлгісінде таниды. Бұл – ұшқыштардың жерде тұрып-ақ әуе лайнерін басқаруды үйренуі деген сөз. Көркем әдебиетке жиі назар аударатындар өз бетінше әлеуметтік дағдыларын да жақсартпақ. Бұл үдерісті әдеби персонажбен өзімізді ұқсастыруымыз, психикалық жағдайды модельдеу, таным формасы қабілетіне ие болу десек де болады. Нәтижеде кейіпкер басындағы ойдың оқырман тарапынан айқын ажыратылуы, оқырман санасында осы іс-әрекетке жауап берер қысметтердің іске қосылуы жүзеге аспақ. Бүгінгі таңда бізге жеткен ақпарат бойынша Қазақстандағы Меломан / Magwip желісі арқылы күн сайын алты мың кітап сатылады деген мәлімет бар. Кітап үйінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, оқырманды көбіне заманауи әдебиет пен классикалық туындылар қызықтырады. Өзін-өзі дамыту, бизнес саласындағы әдебиеттер мен балалар әдебиеті оқырман назарынан тыс қалмайтын көрінеді. Біздің байқауымызша, заман шындығын сөз еткен туындылар да, автобиографиялық немесе мемуарлық ыңғайдағы беллетристика сипатындағы шығармалардың оқырмандарды бірден баурап алғаны рас. Ал деректі не ғылыми әдебиеттерді оқытындардың ерекшелігі өз алдына бір бөлек. Қысқасы, қандай туынды болмасын адамның ой-санасына белгілі бір деңгейде әсер етері даусыз. Психологтардың, психоаналитиктердің пікірінше, көркем шығарма эмоциялық интеллектіні дамытуға көбірек септеспек. *Бұл орайда бірден айқын танылар тұс – көркем әдебиет оқытындар мен оқымайтын адамдардың бір-бірінен мүлдем бөлекше келетіндігі. Мәселен, кітап оқытындардың сөздік қорының бай болуы.* Сондай-ақ, әлемдегі ең ірі баспа санатындағы Оксфорд университетінің баспасынан шығатын әлеуметтік неврология бағытындағы ғылыми журналда жарияланған мақалада осы мәселеге акцент берілген-ді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене айтсақ, көркем әдебиетті оқу адамның қайырымдылық,

азаматтық белсенділік сияқты әлеуметтік-танымдық қабілетін жақсартады; күллі әлемдегі зорлық-зомбылық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі; жеке адам тағдырына қатысты қайшылықты жағдайлар өзіндік шешім іздеуге ұмтылдырады. Бұл реттегі мамандар тарапынан жүргізілген эксперимент нәтижелері де ойлантады. Мәселен, фотосуреттегі адамның бет-әлпетіне, кескін-келбетіне қарап, оның көңіл-күйін дәл айтып бере аламыз ба? Оңай шаруа емес. Нәтижеде көркем әдебиетпен көп шұғылданғандар аса қырағылық танытып, тұлғааралық қабылдау шкаласы бойынша жоғарғы көрсеткішке ие болған. Әлеуметтік неврология бойынша көркем әдебиетті жиі оқытындар өзгенің қуанышы мен қайғы-қасіретін жақсы сезініп, шынайы түсіне алары айқындалған. Яғни, кітап оқытындар өзгенің эмоциясын жақсы ажырата алмақ. Ал мұның тиімділігі неде? Тағы да эксперимент нәтижелеріне жүгінсек, көркем шығарма оқуға ден қоюшылар өзгелерге риясыз қызмет көрсетуге даярлығын айқындайды. Қысқасы, көркем әдебиет оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлай алатын артықшылыққа ие етеді. Демек, бұл айтылғандардан шығарылар қорытынды – әдебиет тек сөз өнері ғана емес, парасат пен нәзік сезімталдыққа бастар жол. Бүгінгі таңда техникалық білім беру салаларына гуманитарлық модульдердің көптеп енгізілуі де осыдан болса керек-ті.

- Сіздің тұлға, кәсіби филолог маман ретінде қалыптасуыңызға септескен шығармалар туралы не айтар едіңіз? Сіз қандай туындыларды оқығанды ұнатасыз? Сіз кімді оқисыз?

Бала кезімізде ертегі атаулыны жарыса оқушы едік. Ауылдық кітапханада, мектеп кітапханасында біз оқымаған ертегі қалмаған шығар-ау! Алғаш ден қойып, сүйіп оқыған шығарма – Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» туындысы. Өлі де сол шығарманы ішкі жан-дүнием қалап-ақ тұрады. Кейін қолға тиген Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаевтардың прозалық туындыларының, поэзиялық дүниелерден Махамбет толғауларының, Мұқағали, Қадыр, Фариза өлеңдерінің берері мол ғой, шіркін!.. Бүгінгі таңда тақырыптық монографиялық ғылыми еңбектерді қазақ, орыс тілінде оқығанды тәуір көремін. Бірегей жазушы Шерхан Мұртазаның айтқаны бар емес пе: «Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – жеңіл кавалерия» деп. Сол айтқандай, афоризмдерді (*Әбу Насыр әл-Фарабидің, Абайдың тұңғыық ойларынан қуат алу*) оқығанды жаным қалайды. Ғұлама ойшыл Лев Толстойдың күнделіктерін оқып бір жасап қалғаным бар! Дүлдүл классик Әбіш Кекілбаев публицистикасын ұнатамын, жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев прозасы сүйсінтеді. Бұл сапқа өз басымыз сүйсініп оқыған Дэниель Смиттің «Думай, как Эйнштейн», Хэл Элродтың «Магия утра» (Как первый час дня определяет ваш успех), Дейл Брекенридж Карнегидің «Как завоевывать друзей и оказывать влияние на людей», Стивен Р.Ковидің «Семь навыков высокоэффективных людей» (Мощные инструменты развития личности), Абрахам Маслоудың «Мотивация и личность», Джон Кехоның «Подсознание может всё!», Даниэль Канеманның «Думай

медленно... Решай быстро», Джеймс Алленнің «Человек мыслящий», Эрминия Ибарраның «Действуй как лидер, думай как лидер», Энтони Роббинстің «Разбуди в себе исполина» (Карнеги XXI века), Генри Фордтың «Моя жизнь, мои достижения» еңбектерін қосыңыз. Өзіме көл-көсір ағыл-тегіл ой салған осы бағыттағы еңбектерді студент шәкірттеріме де оқуға кеңес берер едім. Құдайым-ау, түбіріңмен өзгересің ғой! Әрине, ішкі жан-дүниеңдегі өзгерісті дұрыс бағытқа бұру, бағыттау – сіздің арыңыздың еншісінде!

- Сіздің ойыңызша көркем шығарма оқудың тиімділігі, оқырманға берер рухани құндылығы неде?

Алдыңғы тұста да айта түстік, көркем шығарма оқудың тиімділігі таңғажайып. Көркем шығарманың оқырманға берер рухани құндылығы ұшан-теңіз. Көркем шығарма – рухани жаңғыру көзі. Ал рухани білім қашан да шынайы, толық, анық, мықты әрі жүйелі болуы тиіс. Көркем шығарма ақылына ақыл қосады, ал ақыл еркіндікке жол ашады, еркіндік әрекетке иелік етеді. Көркем шығарма даналыққа баулиды, ал даналықты үйрену адамды мықты әрі жанын жомарт етеді. Көркем әдебиетті сүймеу, оқымау мүмкін еместей болуы тиіс. Мәселе тек бастапқыда оның дәмін татуда, хош иісін сезуде. Одан әрі оның арынына тосқауыл болу мүмкін емес. Себебі халықтың рухани тұнбасы «әдебиеті мен өнері ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы бола алмайды» (Ғабит Мүсірепов). Мұхтар Әуезовке сүйене айтар болсақ, қай дәуірде де өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді зиялы интеллектуал бола алмайды. Себебі ол қандайлық мамандыққа қатысты білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ кейіпте. Демек, «әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды» (Сағатхан Әшімбаев). Ал көркем оқудың оқырманға берер рухани құндылығы да оның адам баласына алғашқы кезекте сыйлар эстетикасынан басталмақ. Мәселен, бір танымал ұлы қаламгерге жас жазушы келіп, тырнақалды жазған әңгімесін бағалауды өтінеді. Тәжірибелі тарлан алғашқыда жас жігіттің арқасынан қаға, таудай талабына ризашылық танытып шығарып салады. Жас жазушы қайтара оралады. Қаламгер әңгімені парақтап қарай отырып, екінші ретте де жас тұлғаның қадамына құптау білдіреді. Бұған да қанағат тұтпай үшінші қайтара оралған жас жігіт классик жазушының жазылған шығармаға сын айтуын қалап қадалып тұрып алады. Сонда ғана өмір көрген тәжірибелі жазушы: Айтыңызшы, Сіз осы жазған дүниеңізді көркем шығарма деп есептейсіз бе? – деп сұрайды. Мұндай оқыс сауалдың боларын күтпеген жас жігіт: – Бұлайша айтуға қандай дәлеліңіз бар? – дейді. – Мәселен, Сіздің әңгімеңізде «Бес тиын ақша жерге түсті» деген сөйлем бар. Осы сөйлемнен оқырман қаншалықты ләззат алмақ. Ешқандай да, себебі бұл тек ақпарат қана емес пе?! Көркем шығармаға тән образ қайда, жанды қозғалыс қайда? – дейді жазушы. - Сізше қалай болар еді? – деп жас жігіт енді қызарақтап шамдана бастайды. – Мәселен, былай болса ше: *«Бес тиын пақыр ақша жерге ыршып түсті де, зыр-зыр қағып дөңгелей жөнелді»*... Көркем шығармада алғашқы кезекте образ, динамика болуын ескер-



гейсіз, қалқам!.. – дейді қарымды қаламгер. Жас жазушы не айтарын білмей, мүдіре ойланып қалса керек. Бір мезетте тілге келіп: – Сонда қашан, қалай жазуға кеңес берер едіңіз? – деп сұрапты баяулап... - *«Біріншіден, інім, қашан жазбауға мүмкіндігің болмаған кезде жазғайсың! Екіншіден, жаза қалсаң, соқыр көретін-дей, саңырау еститіндей жазғайсың!»* - деген екен дүлдүліміз... Бұндай астарлы терең тағылымды дүниелерді келтіре беруге болар...

Даусыз, көркем туындының оқырманға берер рухани эстетикалық құндылығы қаламгер шығармаларының тілдік шеберлігіне бірден-бір байланысты. Бұл қажетті көркем шығарманы талғампаздықпен таңдай білудегі оқырман талғамына да қатысты. Ал сапалы көркем шығарма оқырманның озық талғамын да қалыптастырады. Мәселен, атақты қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповтің қаламгерлік қарымы оқырманның озық талғамын қалыптастыруға бірден-бір сеп. Себебі неде дерсіз? Бұл тұста классик жазушының шынайы шеберлігіне назар аударғайсыз. Ғабенің жазушылық ұстанымы – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайтындығы; Бойына сіңірген тақырыбын да тез жазып тастауға асықпағандықтан, шығармаларының шикілігі аз болуы; жазатын тақырыбына күй таңдауы, күйі жетпесе игерген тақырыбын да жаза қоймауы; шығармасына өте ұқыптылығы, сол себептен де хал-қадірі жеткенше олпы-солпысыз шығаруы; тілге үнемшілдігі, суреттеп отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбауы; жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып шешен сөйлеуге тырысуы; адам портретін жасауда қазақ жазушыларының ең шеберлерінің бірі екендігі.

- Сізді шешендік өнер саласын, риторика ғылымын, қазақ афористикасын зерттеуші республикаға белгілі ғалым-педагог ретінде білеміз. Осы орайда оқырмандарымызға қазақ афоризмдерінің құндылығы, бүгінгі жаңа ұрпақты рухани құндылықтар негізінде баулу мәселесіне қатысты не айтар едіңіз?

Біле білсек, қара жерде өлмейтін – Алла жіберген сөз ғана! Сөз – Тәңірінің елшісі! Егер де жақсы кітап – ұлттың антологиясы десек, әрбір ойлы афоризм – жеке бір жақсы кітап іспетті. Ата-баба нақылы – құндылық көзі. Өнеге – нақылдан. Жалпы адамзатқа тән бағзы заманнан келе жатқан кемеңгерлік тұрғыдағы таңғажайып нақыл сөздерден үйренуіміз керек. Барша жұрт қабылдап, айтып жүретін қып-қысқа нақыл сөздер мен мақалдар барлық адамға ақиқат болып көрінбесе, ондай нақыл сөздер ғасырдан ғасырға жетпес еді. «Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым» (*Әбіш Кекілбайұлы*). Бір ғажабы, қуаты мол, тапқырлыққа толы тамаша нақылдар ешқашан ұмытылмайды: олар ғасырлар бойы есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Демек, аталар сөзі – ақылдың көзі.

Адам мақсатына рухани жағынан өзіні өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, адам бойына рухани құндылықтардың даруы нақыл сөздерді қолдану арқылы да сіңбек. Ал нақылдап сөйлей алмаған адамға қалай қарау жөн? Халық даналығына бойласақ, айтар нақылы жоқтың, табар ақылы жоқ. Халыққа нақылмен ойлау тән. Құтып дана болжағандай, нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап, түбіне жеткізе сөйлеген адам – шешен адам. Телегей тәжірибеге жүгінсек, ұлы адамдардың өздері де өткір сөздің қолжаулығымен жүруді жек көрмейтінін байқаймыз.

Француз жазушысы, қоғам қайраткері Ромен Роллан грек, рим ғұламаларының афоризмдеріне терең бойлай келе: «Бұл гректер мен римдіктерде менің нем бар еді? Олардың сүйегі құрап қалғалы қай заман? Олар маған не айта алмақ? Менің оларға қарағанда кем білетінім неде? Осы тұрғыда ойландым да кітапқа менмендікпен, бейне бір өзенге қармақ тастағандай бей-жай жанармен селсоқ көз жүгіртіп, парақтай бастадым. Бір кезде, достарым, демім шықпай, сілейіппін де қалыппын... Достарым-ай, қармақ салудың көкесі деп осыны айт... Қандай сазандарды, шортандарды бірінен соң бірін тартып шығарып жаттым десеңші! Бұрын-соңды көріп білмеген шетінен алтын, күміс түсті сан алуан балықтар... Бір ғажабы олардың әрқайсысы қилы қалыпта би билеп жүр... Ал мен болсам оларды әлдеқашан өлдіге санаған едім», - деп жазады. Сенсеңіз, әлемдік деңгейдегі құндылық көзі, ақылдың өзі афоризмдерге ғашықтығым тап осы ойдың үдесінде. Имандай шыным! Орыс жазушысы, 60 мыңнан аса афоризмдердің туындыгері Аркадий Давидовичтің: «Маған қазанаманның қажеті шамалы, ең дұрысы, оның орнына менің нақыл сөздерімді жазыңдар» дегені бар-ды.

«Есенінде-тірінде бір болыңыз бәріңіз» деген Асан қайғы бабамыздың «Білгеннің қандай пайдасы, білместі жолға салмаса» деп толғағаны бар. Ал «Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің» деуінде қаншама салмақ бар десеңші! Ендеше,

халық жадындағы афоризмдер кешені – даналықтың зердесі, парасаттылықтың пердесі, кемеңгерліктің көзі, ғұламалықтың өзі. Әбіш Кекілбайұлына жүгіне айтар болсақ, «қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары». Демек, афоризм – «көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің» өмірі тәжірибенің «тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары».

Мәселен, сөз сөйлеуге даярлықты демосфендік дағдыға неге теңейміз? Бұған иланымды жауапты сан ғасырлық тәжірибе түйіні айтсын. «Небір өнер, небір даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін емес» (Демокрит). «Ғалым сөзін естіп ал, есіңде ұста» (С.Сарайи). «Ақындар туа пайда болады, шешендер жүре пайда болады» (Марк Тулий Цицерон). «Шынайы шешендікке адамды баулу үшін, қоңырау дауысты, тәртіпті сақтайтын полицияның керегі жоқ» (Раф Эмирсон). «Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік» (Демосфен). «Аз білетініңді ұғыну үшін, көп оқып үйрену керек» (Мишель Монтень). «Қалам – ең жақсы тәлімгер, жазылған сөз тап қазір ойлаған сөзден артық» (М.Т.Цицерон). «Білмегенге – ермеген» (Күлтегін). «Тастағы жазудан тағылым алғайсың» (Білге қаған). «Мен мақалдардан өте көп өнеге алдым, басқаша айтсам, нақыл сөздермен ой толғап үйрендім» (Максим Горький). «Күн сайын ең болмаса бір ән тыңдап, жақсы картина көріп, мүмкін болса, қандай да бір нақыл сөз оқып отырған жөн» (Иоганн Гете). «Ойлы адам қашан да ұлы адамдар сынақтан өткізген жолдарды іріктей келе, ең таңдаулыларына еліктеуге тиіс, сонда әлгі кісілердің ғұламалығына жетпегенімен, оның кейбір ұшқынын болса да бойына дарытады» (Никколо

Макиавелли). «Адамның сөйлеу өнерін дамытуда жазбаша сөйлеу ерекше маңызды. Өйткені мұнда сөзді санамен өңдеуге мүмкіндік көбірек болады» (Б.М.Теплов). «Бір нәрсеге не өнерге талпыну үшін адамдарға ең алдымен табандылық қажет» (Әбу Насыр әл-Фараби). «Даңқты адамдардың рухына бас иіп, тағызым ету соларға ұқсасам екен деген тілекті оятады» (Тоқсары). «Адам баласы өрмекшіден тоқуды үйренсе, қарлығаштан үй салуды, бұлбұлдан ән салуды үйренген» (Демокрит). «Өз сөзіңді кез келген білікті кісінің сөзімен салыстыр: әуендес келсе, айта бер, қайшы келсе, қысқарт» (Рашид-ад-дин). «Еңбекті жан-тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, ешбір кемеңгер де шықпайды» (Д.И.Менделеев). «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу» (Әбу Насыр әл-Фараби). «Білу ғана аз, сол білгеніңді істе қолдана білу керек» (И.Гете). «Адам естіп-білгені арқылы ғана жетілмейді, еңбек пен іс-әрекет үстінде қалыптасады» (Альберт Эйнштейн). «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі, ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» (М.Әуезов). «Сөйлей білмейтін адам мансап биігіне көтерілмейді» (Наполеон I (Бонапарт)). «Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз» (Ы.Алтынсарин). «Алдымен ізгі ниеттерге, ал одан соң даналыққа үйрен, өйткені алғашқысыз соңғысына үйрену қиын» (Сенека Луций). «Өзіңе тең емеспен достаспа, өз қатеңді жөндеуге қорықпа» (Конфуций). «Күз әуені жаздан белгілі» (Махмуд Қашқари). «Еңбек етуге дағдыланып алсаң, онсыз тіршілік ете алмайсың. Бұл дүниедегінің бәрі еңбекке байланысты» (Луй Пастер). «Білім еске сақтау арқылы емес, өз ойының күш салуымен алынғанда ғана білім» (Л.Н.Толстой). «Сөйлеу сөз болатын нәрседен туындап, дамуға тиіс. Егер шешен оны тұтас қамтып, зерттеп алмаған болса, онда шешендік атаулы бекершілік, балалық тырбаныс» (Т.М.Цицерон), т.б...

Сөзім сергелдеңі

Біз бір-бірімізге ұқсаған егіз жандармыз. Көңілімізді көлеңке еткен күдік пен жарық ғаламның әуезді әндеріне дейін түсініп отырамыз. Менің сөздерім оның санасынан бұрын жүрегіне тез жететін. Ол үнсіздікті жақсы көрді. Сырлы ойдан туындаған айнадай сөздерімді еш бөлместен тыңдай алушы еді. Көзімнің тұңғыына терең бойлай түбіндегі мұң мен мазаны көре, жұбатуға асығатын. Оның құшағының жылуы жанымға медеу сыйлап, бойыма күш дарытады. Бізге ұнайтын ең керемет нәрсе не екенін білесің бе? Ол жаңбырлы кеш. Ақжауын асты, жол ортасында құлаққапты киіп, сүйікті әуенімізге тербеле би билейміз. Тек екеуміз. Мына қаланың тынымсыз тірлігінен қашып, өз мекенімізге аттанамыз.

Арамызды жалғаған нәзік сезімнің сымдары бір сәттік сыңға ұшырағанша үзілмеді. Бірақ тағдырмен таласып, алысқа бара алмаймыз. Кездесуге асыққан жандардың артынан қоштасу қысы келетінін сезбедік, білмедік те.

Кеңсенің кезекті жұмысы маған бітпейтіндей көрінді. Түскі үзіліске шықпастан, берілген жобаларды аяқтауға кірістім. Алайда бұл шаршаңқылық менің кешкі жоспарыма кедергі болмақ емес. Себебі ол жанның өмірге келген күнін бірге атап өтеміз деп келістік.

Неге мына сағат тілі тез айналмай жатыр? Тапсырысым дайын ба екен? деген Аияның айқайына жұрт тегістей қарады. Іштей алай-дүлей болып отырған күйі құрбымның кофе ұсынып тұрғанын да байқамадым.

Алаңдауға еш себебің жоқ. Өткен жазғы туған күнде берген сыйлығыңды ұнатып еді ғой, ал бұл жолғың одан ерекше - деп, Асыл мені сабырға шақырғандай болды.

Жұмыстан шыға сала кездесу

орнына қарай жүгірдім. Такси ішінде келе жатып, қаланың келбетіне көз тастадым. Әдемілік. Қаз қатар тізілген қызыл-жасыл ғимараттардың шамдары жарқ-жүрқ етіп, ондағы өмірдің өрнегін көрсетіп тұр. Жауып тұрған аспан нұрынан әлдебір нәрсе күткендей қарап тұрғаным сол еді,көлік кафенің алдына келіп тоқтай салды.

Көліктен түсе ойымды жинақтап, есікке қарай беттедім. Ішіне кірсем, алдымда бірнеше сағат бойы көрмей,сағынышыма себеп болған жан отыр. Үстелге жайғаса, жанымға бұрылып, қорапқа қарай қолымды созғалы жатыр едім, ол мені тоқтатты.

Әуелі мені тыңда. Айтарым бар.

Бойымды белгісіз қорқыныш биледі. Аузымды ашып үлгерместен сөзін бастап кетті.

-Есіңде ме? Алғаш танысқан сәтімізде сен көзіме тіке қарай алмаушы едің. Тіпті арақатынасымыз басталған тұста да бұны жалғастыра бердің. Сол ұяңдығың мен биязылығың мені үнемі таңғалдырумен келді, тіршілікке қараған көздерің маған қиығын салмаса да үнсіз-ақ жанарыңның сиқырын ұға алушы едім. Бірақ...

-Бірақ?

Енді оны жалғастырғым келмейді. Жанарымның жалыны сөнді. Өшірдім. Сен де өшір. Бәлкім, оны басқа ару келіп

Қуанарлығы – осылай жалғастыра беруге боларлығы. Бүгінгі ұрпақтың сауалына берілер әлемдік өркениеттегі ата-баба жауаптарының бірінен-бірінің өтімділігі, бір-бірін толықтыра, толыстыра, тереңдете түсетіндігі. Әрине, қолға алған белгілі бір көркем шығармадағы не ғылыми еңбектегі түйін-тұжырымдардың ойлантаы, ойыңа ой қосары даусыз. Мәселен, бірнеше бестселлер кітаптарының авторы, 20 жасында тағдыр тәлкегіне ұшыраған шешен тұлға Хэл Элродтың «Магия утро» (Как первый час дня определяет ваш успех) еңбегін қолға алып, тамсана оқып шыққаннан кейін терең ойда қалдым. Нәтижеде неміс философы Артур Шопенгауэрдің (1788-1860) таңғы сәтке қатысты философиялық тұжырымын былайша аудардым: *«Таңертеңгілік – әрбір күн атаулының нұрлы да нәрлі тұсы, балалық шақ іспетті. Осы тұста тұп-тұнық мөлдірлікті, уыз қалыпты, айрықша айқындылықты, ерекше жеңілділікті аңғарамыз. Бойға біткен күллі күш-қуатты сезінеміз, күллі қабілет-қарымымыз кемерінен аса төгілу күйін кешеміз. Демек, керіле жатып, кеш тұруымызбен таңертеңгілік уыз шақты қолдан қысқартпау жөн, мәнсіз іс-әрекетпен, бос әңгімемен ысырап етпеу жөн. Бұл сәтті адам өмірінің нағыз мәнді бөлшегі (квинтэссенциясы) тұрғысында мәпелей қарау не белгілі бір ретте қастерлі де қасиетті мезет ретінде бағалау орынды»* деп. Аударма нұсқасын студенттеріме ұсындым... Сонда ғана арқамның құрыс-тұрысы жазылғандай, түйілгенім сәл-пәл шешілгендей болды... Атақты физик, салыстырмалылық теориясының, қазіргі квантты механиканың негізін қалаушы, әлемдік деңгейдегі аңыз адам Альберт Эйнштейн ғылымның ешқашан да жөне еш уақытта да жазылып біткен кітап еместігін, олай бола да алмайтынын айта келіп, «ғылымдағы әрбір маңызды табыстан жаңа мәселелер туындайды» дегені бар-ды. Айтса айтқандай, бір өзі бір сом кітапқа бағаланар әрбір афоризмнің өзі келелі құндылықтарға бастайтындай...

тұтатқан шығар.

Бұрынғыдай сені сағына алмаймын. Алып-ұшып кездесулерге де бармаймын. Кеңсеңе жүгіре түстіңді апара алмаймын. Мені күтпе.Кешқұрым жұмысыңа барып, сені күтіп тұра алмаймын. Кешір. Сені бақытты қылатын адам мен емес.

Арада үзілген дауыс. Соңғы рет құшақтады да жауабымды естімеген күйі кете барды. Жүрегімді біреу жұлып алғандай. Айнала қап-қара. Көзімді жұма, түсім болса екен деп қайталай берсем де іштей өңім екенін сезіп отырдым.

Алматыны жаяу аралай, жалғыз орындыққа келіп жайғастым. Ол да мен секілді жұбынан айырылған. Осы кезде мені ешкім түсіне алмайтынын, жарамды жазуға мына әлділердің шамасы келмейтінін анық білдім.

Сонда махаббат деген не? Әлде бұл жай ғана өткінші сезім бе? Не болса да мен ол адамды бар жаныммен жақсы көрдім. Дүниедегі ең әдемі, таза сезім менде ғана болғанын дәл қазір мойындасам деймін. Себебі мен ғашық болдым. Әркімге бұйырмас баққа ие болғаным мен үшін үлкен бақыт.

Жылаған күйі бағанағы өзім көрген қызыл-сары үйлерге қарадым, бәрі сұр түске боялған. Терезелеріне тағылған тор менің жүрегіме орнаған құлып дерсің. Мәңгі жабық .

Қолымда оның думанды күніне арнап алған концерт билеті. Тыным таппай іздеген қағаздың қадірі кетіп,ол да мен төккен жасқа малынып жатыр. Көктен көрінген әсем бұлт аппақ нөсерге айналып, табысу мен айырылысудың арасын айқындап бергендей төбеке келіп құя салды. Тым суық. Бұл сол мені тоңдырған тамыздың кеші еді.

Гүлнұр ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ



Дорогой студент! Поздравляем Вас с поступлением в один из старейших и ведущих вузов нашей страны, в этом году отмечающий свой 90 летний юбилей!

Студенческая жизнь - это, прежде всего, учеба, поэтому не забывайте о главном предназначении студента – научиться приобретать знания, формировать компетенции, уметь работать самостоятельно.

Не ограничивай себя только занятиями, старайся узнать и сделать больше, принимай участие в студенческой научно-исследовательской работе, культурно-общественной жизни университета. Не бойся идти вперед, тебе всегда придут на помощь друзья-студенты, а эдвайзеры, кураторы, преподаватели, а также руководство кафедры, факультета и университета помогут советом и делом.

Отличительная особенность обучения - необходимость постоянно работать самостоятельно. К сожалению, не у всех первокурсников получается правильно спланировать время, организовать место для занятий, преодолеть какие-либо внутренние психологические проблемы и барьеры.

Четкое планирование своего рабочего времени и отдыха является необходимым условием для успешной самостоятельной работы. Для этого рекомендуется ознакомиться и изучить учебные программы, (Syllabus) изучаемых в семестре дисциплин, (имеются на соответствующих кафедрах, у преподавателей), ИУП (индивидуальный учебный план) и расписание занятий (на сайте университета <https://wku.edu.kz/ru>).

Ежедневной учебной работе студенту следует уделять 9-10 часов своего времени, т.е. при 6 часах аудиторных занятий самостоятельной работе необходимо

университетом, факультетом, руководителям служб и отделов (<https://wku.edu.kz/ru/rukovodstvo-vuza>).

Какой бы беззаботной и веселой не казалась жизнь студента, у всех нас есть права и обязанности, которые подробно прописаны в Правилах поведения студентов в ЗКУ им.М.Утемисова (<https://wku.edu.kz/ru/zhizn-zku/vospitatelnaya-rabota3/pravila-povedeniya-studentov-zku>). Следует соблюдать их на протяжении всего периода обучения.

Все правила и процедуры по планированию и управлению образовательной деятельностью представлены в Академической политике ЗКУ им.М.Утемисова (<https://wku.edu.kz/images/dokumenty/1-smk.pdf>).

Для подготовки ко всем видам аудиторных и внеаудиторных занятий вам необходимо получить учебную литературу.



Каждый учебный год состоит из двух семестров, каждый семестр включает 15 недель теоретического обучения (занятия по расписанию, СРОП (самостоятельная работа обучающегося под руководством преподавателя) по графику, СРО (самостоятельная работа обучающегося)). В конце каждого семестра промежуточная аттестация (экзаменационная сессия). А также согласно утвержденному Академическому календарю (графику учебного процесса) различные виды учебных, профессиональных практик.

Виды учебных занятий в университете можно разделить на аудиторные и внеаудиторные. К аудиторным занятиям относятся: лекции, лабораторные работы, практические и семинарские занятия, консультации, экзамены. К внеаудиторным можно отнести те виды работ, которые студенты выполняют во внеаудиторное время, вне расписания, но при консультации преподавателей: СРОП, подготовка к лабораторным, практическим, семинарским занятиям, курсовые проекты, стартапы и др.

отводить 3-4 часа. Нужно осуществлять самоконтроль, который является необходимым условием успешной учебы в вузе.

Учебный процесс в вузе реализуется по кредитной технологии обучения (Планирование и организация учебного процесса по кредитной технологии обучения).

До 5 сентября на основании образовательной программы и каталога элективных дисциплин (КЭД) с помощью эдвайзера, вам необходимо сформировать свой ИУП (Выбор траектории обучения, порядок регистрации обучающихся).

Ваши учебные достижения по всем видам учебных поручений и заданий оцениваются по бально-рейтинговой буквенной системе оценки (Правила организации и проведения различных видов контроля учебных достижений, Оценка учебных достижений обучающихся).

Во всех корпусах университета действует пропускная система, вам необходимо получить карту пропуска (получение карты организует ваш деканат).

Каждый студент нашего университета должен знать тех, кто управляет

Информацию о режиме работы отделов библиотеки можно посмотреть на сайте университета <http://library.wku.edu.kz/index.php?lang=ru>.

Студенческая жизнь состоит не только из зубрежки и подготовки к «парам» и экзаменам, есть множество направлений внеучебной деятельности, это различные спортивно-художественные секции, клубы, объединения, кружки, волонтерская деятельность и др. (информация на сайте университета, на страничке «Студентам», а также подробную информацию вы можете получить в своем деканате).

Дорогой студент! Университет помогает своим студентам решить самые разные проблемы, прежде всего, обращайтесь со всеми вопросами в свой деканат!

Не стесняйтесь обращаться к сотрудникам вуза, вам всегда уделят внимание!

Надеемся, что данная памятка и наши советы помогут вам быстрее во всем разобраться и почувствовать себя настоящим студентом!

Желаем вам здоровья, успехов, отличных показателей и удачных проектов!

АСТРАХАНСКОМУ ГОСУДАРСТВЕННОМУ УНИВЕРСИТЕТУ 90 ЛЕТ!

«В 1932 году в соответствии с постановлением Совета народных комиссаров РСФСР в Астрахани был образован пединститут с целью подготовки кадров для образовательных учреждений города и области. В нём было открыто шесть отделений, в том числе языка и литературы, физико-математическое, социально-экономическое, на которые было зачислено 120 человек. С тех пор институт прошёл долгий и славный путь, был преобразован в университет и с недавних пор получил статус классического», - из доклада заведующего кафедрой зарубежной истории и регионоведения АГУ Владимира Кулакова.

Коллектив Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова сердечно поздравляет коллег с 90-летием Астраханского государственного университета имени В.Н.Татищева.

Отметим, что ЗКУ имени М.Утемисова также отмечает в этом году 90-летнюю годовщину со дня образования. А с 2003 года между университетами был подписан договор о сотрудничестве по таким направлениям, как разработка и обмен научно-методических и научно-исследовательских работ, проведение совместных научных исследований, академический обмен специалистами и студентами, реализация совместных проектов, а также многое другое.

От имени всего ЗКУ имени М.Утемисова желаем коллективу АГУ имени В.Н.Татищева и впредь сохранять свои лидерские позиции на международном образовательном пространстве; успешно развивать новые векторы исследований; покорять профессиональные вершины; укреплять действующие и находить новые доверительные партнерские отношения, а также, чтобы стены их университета всегда славились талантливыми, целеустремленными и смелыми студентами, радеющими о науке.



Қазақстанның үздік тауары байқауының жеңімпазы Серғазиев И.С. шаруа қожалығы

«Қазақстанның үздік тауары» байқауының қорытындысы шығарылды. Жеңімпаздарды өңір басшысы Ғали Есқалиев марапаттады.

Облыс әкімі өзінің құттықтау сөзінде бизнеспен айналысу — ауыр жұмыс, кәсіпкерлік қызметпен басқалар үшін жауапкершіліктен қорықпайтын адамдар айналысуға қабілетті екенін атап өтті. Қазақстандықтар пандемия кезеңінде бастан кешкен қиындықтарға қарамастан, Батыс Қазақстан бизнесмендері мен бизнесвумен қолынан келмеген: біреулер бейінін өзгертуге мәжбүр болды; біреулер өз тауарлары мен қызметтерін өткізудің жаңа нарықтарын іздестірді; үшіншілері-бос тұрып қалу кезінде өзін-өзі дамытуға қаржы салды.

Ғали Есқалиев бизнестің табысты дамуы — бұл қандай да бір кәсіпорынның өркендеуі ғана емес, өңірдің және жалпы мемлекеттің экономикасын нығайтуға қосқан үлесі екенін атап өтті.

«Қазақстанның үздік тауары» конкурсына 40-қа жуық тауар өндірушілер қатысты, олардың ішінде БҚО-на белгілі компаниялар ғана емес, кәсіпкерлік қызмет мерзімі үш жылдан аспайтын стартапшылар да болды.

Іс-шараға қатысу үшін бизнеспен айналысудың қажеті жоқ екенін атап өткен жөн: хоббиге ие болу жеткілікті, оның нәтижесі қолмен жасалатын бұйымдар болады. «Қазақстанның үздік тауары» конкурсына қатысу — бұл шығармашылық адамдар үшін өз авторлық жұмыстарын көрсету мүмкіндігі, және олардың кейбіреулерінің қол бұйымдарын сәтті презентациялау өз ісін ашуға ынталандыруы мүмкін.

Бизнеспен айналыспайтын, бірақ конкурстық іс-шара арқылы өзінің әуестігі туралы мәлімдеуді шешкен конкурсқа қатысушылардың арасында Ақсай қаласынан Марина Руденко да бар. Жеті жыл бұрын әйел эфир майлары мен шөптерге негізделген сабын шығаруға қызығушылық танытты, оның жұмысы туыстар, достар, таныстар арасында жақсы тарала бастады. Марина жұмыс істейді, ал 2020 жылы көптеген кәсіпорындар өз қызметін тоқтатуға немесе жұмыс күнінің ұзақтығын қысқартуға мәжбүр болған кезде, ол өзінің сүйікті хоббиі туралы ақпарат алуға көбірек уақыт алды. Ол жаңа білімді іс жүзінде қолданды, осылайша өз өнімдерінің сыртқы түрі мен дизайнын жетілдірді.

Келесі постта біз Марина Руденконың қандай сабын жасап шығаратынын айтып береміз, сондай-ақ «Қазақстанның үздік тауары» байқауының басқа қатысушыларының өнімдері мен бұйымдары туралы білетін боламыз. Қазір біз бүгінгі іс-шараның жеңімпаздарын атай отырып, бұл кәсіпкерлерге өз жұмыстарын «Қазақстанның Үздік Тауары» республикалық конкурсында ұсынуға мүмкіндік берілетінін еске саламыз.

Сонымен, «өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясында «ТМК «Казтрубпром» ЖШС жеңімпаз атанды. «ОК Орал Кабель»,» Стело Сервис «ЖШС;» Үздік азық — түлік тауарлары «номинациясында-» акваөсіру тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісінің оқу-ғылыми кешені «ЖШС,» Желаев нан өнімдері комбинаты «АҚ,» Серғазиев «ШҚ;» халыққа арналған үздік тауарлар «номинациясында — «Балзия» ЖШС, ЖК «Жұлдыз « — «Мария Ханым сән үйі»,» Нұрстана» ЖШС.

Байқаудың қалған қатысушылары БҚО Кәсіпкерлер палатасының директоры Нұржан Мақсотовтың алғыс хаттарымен марапатталды.

«Серғазиев И.С.» шаруа қожалығы асыл тұқымды, етті әрі сүтті мол өнімді жылқыларды өсірумен айналысады. Шаруашылық ҚР-дағы Көшім жылқыларының гендік

қорының негізі шоғырланған базалық орталығы. Данияр Садыров 1988 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін әкесі Ыбырай Садырұлының көмекші жылқышысы болып жұмыс істеді. 2004 жылдан «Серғазиев И.С.» шаруа қожалығының басшысы. Көшім асыл тұқымды жылқыларының санын көбейтіп, жақсартып, БҚО экономикасының дамуына елеулі үлес қосты. Қызылоба ауылдық округте және жалпы Жаңақала ауданында өткізілетін мәдени-көпшілік іс-шаралардың белсенді демеушісі болып табылады.

Республикамызда ет өндіруді молайтудың үлкен қорының бірі — жылқы етін өндіру. Жылқы етінің адам ағзасына жұғымдылығы, емдік қасиеттері зор. Сүрленген жылқы етін бір жыл емес, бінеше жыл сақтауға болады. Жылқы етін сақтағанда, қазақтың байырғы тәжірибесімен қоса ғылымға негізделген технологияны қолдану қажет. Жылқы етінен неше түрлі тағамдар дайындалады. «Қазақстанның үздік тауарлары» атты өңірлік байқау — көрмеге Көшім асыл тұқымды жылқы етінен дайындалған ұлттық тағамдар қойылды. Олар:

1. Асып - жақсы тамақтандырылған жылқы етінен дайындалады. Жұмсақ етінен (мойын бұлшықеттерінен басқа) салқындатылады, пленкалар мен сіңірлер бөлініп, 5-8 г кесектерге кесіледі. Еттің 3/4 бөлігінде, майдың 1/4 бөлігі болуы керек. Дәмдеуіш ретінде пияз, қара бұрыш және ас тұзы қолданылады. Мұқият араластырылғаннан кейін тартылған ет аш ішекке салынып, сақина тәрізді. Осыдан кейін асып 30-40 минут қайнатылады, дайын асылты 5-6 температурада 2-3 сағат бойы салқындатады.

2. Жал - сапасы осындай болуы тиіс: жан-жағы тұзу кесілген, сырты жұмырлау, жал еті майлы, салмағы 500гр шамасы, дәмі жақсы, тұз сіңген, майы тығыз, серпінді түсі сарғыштау. Дайындалатын жалдың салмағы 10кг болса, оған 0,3 кг тұз, 0,015 гр қант, 0,005 гр селитра салып, бөшкеге 4-5 күндей қояды.

3. Жая - қонды және семіз жылқылар жаясының 60% қара кесек ет болады, ол ас тұзымен тұздалады. Жаяның сыртқы түрі жұмырлау, қомды келеді, салмағы 400 граммнан кем болмайды. Дәмі иісі сүрленіп тұздалған жылқы етіндей, еті тығыз, төтті, қоңырлау, майы сарғыш келеді. 10 кг жая етіне, 0,25 кг тұз, 0,015 гр қант, 0,005 селитра салынады. Жая бөшкеге салынып тұздалады одан кейін іліп кептіріледі де, ыстылады.

4. Қазы - айналдыруға жылқының қабырғасы, еті мен майы түгелімен пайдаланылады. 10 кг етке 0,3 ас тұзы, 0,015 гр қант, 0,005 гр таза селитра қосылады. Қазыға тұз сіңіріп, одан кейін арнаулы цехта сүрлейді.

5. Қарта - майы сылынбайтын жылқының жуан ішегі мен тоқ ішегін әбден тазартып пісіреді. Қартаның ұзындығы 50-70 см шамасында болады. Қарта жұмсақ, кескен жерінен майы сыртына шықпай сүрленген, түсі қоңыр сұр, пісіргенде майы сарғыш. Пісіріп сүрленген



қартаға да 3-5% ас тұзы қосылады.

6. Қуырдақты - жас жылқы етінен дайындайды. Қазан отқа қойылады, оған жылқы майы құйылады, қайнатылады және майдалап туралған ет салынады. Дәміне қарай пияз, бұрыш, тұз қосыңыз. Алғашқы 5-10 минутта от күшті болуы керек және етті араластырып, қуырдақ пісірілгенге дейін баяу отта ұстау керек.

7. Қолдама. Бұл тағам ең нәзік бөліктерден дайындалады - төменгі арқа бұлшық еті. Колданың ең жақсы дәмі жақсы тамақтандырылған құлыннан дайындалады немесе ет жаңа сойылған малдан болуы керек, оны үлкен кесекпен қайнатады, содан кейін талшықтардың бойымен кішкене кесектерге кеседі. Салқын емес иленген қамырдың диаметрі 1 см шұжықтар оралып, ет сорпасында қайнатылған бұйралар жасалады. Дайын бұйралар табаққа салынып, үстіне туралған ет салынып, пияз мен бұрыш қосылған майлы сорпаның соусымен суарылады.

8. Шұжық - салқындатылған және мұздатылған жылқы етінен дайындалады. Сүйектерден, майлардан және сіңірлерден бөлінген ет 300-400 г кесектерге бөлініп, пішінде тұздалған. 100 кг жұмсақ етке 4 кг тұз, 50 г нитрат, 150 г қант, 50г бұрыш қажет. Үгітілген және себілген ет 2-3 күн ұсталады, содан кейін ол тордың диаметрі 8 мм болатын қасқырға ұсақталады және ішкі жылқы майымен араластырылады немесе тартылған ет массасына 30% мөлшерінде суарылады. Мұқият араластырылған тартылған ет шприцтің көмегімен жіңішке бөліктің жылқы ішектеріне тығыз салынып, дөңгелектеп 5-6 градус температурада бір тәулік ұсталады, содан кейін 12 градус және 75 пайыздық ылғалдылықта 2 тәулік бойы ыстылады. Ысталған шұжықты 12 градус және 75 пайыз ылғалдылықта 5 күн бойы іліп қояды.

Қолданар алдында шұжық қайнатылады, дәмді суық және ыстық тағамдар ретінде, сондай-ақ бешпармақтың керемет компоненті ретінде беріледі.

Н.Р. МУЛДАХАНОВ,

М. Утемисов атындағы БҚУ ғылыми қызметкері а.ш.ғ.к.

Тым ауыр... Ауырып барады... Қиын... Суық сүйегімді тесіп өтіп, жанымды тоңдыруда... Бойында қалған соңғы күшін жинауға тырысты... Әлсіз ғана қос жанарын әзер ашты... Көзіне алғаш іліккені қарауытқан аспан... Қара бұлттар үйіріліп, түңіреніп, әлдекім ренжіткендей кейіпте.

-Мен қайдамын? Тағдырының то-сыннан келген бұрылысына дейінгі жәйттарды есіне түсіруге тырысты. Алайда бұдан ештеңе шықпады. Денесіне қара тасты орнатқандай ауырлық жанына батып барады. Орнынан тұруға бекінді, қолынан келер емес.

-Бұнда қалай тап болдым? Қалай? Қайдамын? Құтқарар

Өмір атты том кітабында бақыт бөлімінің осылай көз жаспен қайта жуылып жатыр. Қайтадан. Әлемнің бар асылын өзіне жасырған қос жанарындағы мұң мен шарасыздықты ешкім сезбеген-ді. Ол көп нәрсе қаламады. Тек мәңгілік махаббат айдында бірге бақытты ғұмыр кешу. Айнала үнсіздік симфониясын ойнап, тіршіліктің барлығы бір сәт тоқтаған әр түн, таңды көзбен атыратын. Ұйқысыздықтан емес, өткенің өшпес іздерінен. Енді ұмытылды деген сәтте қайта көз жас... Райсаның махаббатта жолы болмады. Алғашқы бас қосқан жары да, өзгесі де қызғаныштың құрбаны атанып қол көтеруге дейін баратын. Қанша рет өзін аямай

үстелдің бір бұрышында өзгеден өзгешеленіп көңілсіз, жалғызсырап отырған Райсаға түскен. Көзқарастары бірнеше мәрте түйісіп қалып, кештің қызығы енді басталған сәтте Талғат Райсаға жақындады.

-Сәлеметсіз бе, жаныңыз бос па?

-Иә.

-Менің есімім-Талғат,сіздің?

-Райса.

Таныстықтан басталған екеуінің әңгімесі Райсаны үйіне дейін шығарып салумен жалғасты. Олар күнде кездесетін, әр кездескен кезде бір-біріне айтатын әңгімелері таусылмайтын, бір де бір -

«жақсы жігіт» деп маза бермеген соң, Олжастың етегін ұстаған-ды. Шекесі торсықтай ұл дүниеге келді. «Не ішем, не кием» деп те қиналмады. Бірақ сол темір - терсек пен уақытша рақаттан еш жылу мен махаббат сезбеді. Керсінше қызғаныштың құрбаны болды.Өзі үшін емес, сәбиі үшін көнді, шыдады. Бірақ бір күні қайтадан барлығына қол былғады... Талғат оның өміріне күндей күлімдеп келіп шуағын шашты, бақыт құстары үзбей ән шырқаған еді. Солай бола беретін де еді, қайтадан қызғаныштың қызыл жалыны

Ұзылмеген үміт

жан табылар ма екен? Мені естір тірі жан бар ма? Шарасыздық шырмалып, қарс айырылған жүрегімен үндесіп тамшы жас зырғып барады. Қарауытқан аспан өз қаһарын Райсаға ғана төгіп тұрғандай күй кешті. Өмірінің соңғы тараулары жанын қуантпаса да, сынуға мүмкіндік бермейтін қайсар мінезі арқылы бәрін жеңіп шығатын. Бірақ қазір емес. Соңғы сәт есіне орала бастады... Қараңғылықты құшағына бөлеген түн. Ашудан көз жанары қарауытқан жоғары жылдамдықтағы көліктің және Райсаның жүрегінің иесі-Талғат. Денесі қайта сыздап кетті. Өзгелер суықтық пен өзгешелікті көретін күзден ол жылу алатын. Басын көтеруге бар күшін салды. Алғашында қиын болса да, оның бірбеткейлігі жәй қалдырмайтын. Асықпай басын көтерді. Әлде бір тылсым күш басын жерге қарай тартып, мазасыздандырды. Жайма шуақты күндердің бірі еді. Зәулім сарайлардың әйнектерінен өзге әлемді көрген гүлді көйлектегі Райса бүгін ерекше қуанышты болғанмен, жүрек түкпіріне бір жайсыздық орнай бастады. Жұмыс аптасының соңғы күні болған соң, ертең балдай тәтті бүлдіршіндерімен күні бойы уақыт өткізетінін еске алып, қызғалдақты жаны сүйетін қызының ұнататын бәлішін дайындап беруді ойлады. Алайда, шынымен де ол алда не күтіп тұрғанын білмеді. Сан ойдың құрсауында қамалып отырып өз аялдмасынан асып кете жаздады. Жол бойы өзі күнделікті дүкенінен нан сатып алып, үйіне асықты... Жүрегі бір жайсыздықты сезеді... Алаңдаулы... Неге? Кімге? Не үшін? Есік ашылғаннан «ана-шым» деп жүгіретін қос құлыны бүгін көрінбеді. Салқындық... Қараңғылық... Жылулық мекеніне айналған өз шаңырағынан шоши бастады... Ас үйге кірді... Үстел жанында әркез махаббат құшағына бөлеген Талғат отырды. Бүгін жүзі сынық. Көзін қара бұлт торлап, бар әлемге қаһарын төгіп тұр.

-Сәлем, жаным. Балалар қайда? Үйірмеден әлі келмеді ме? Бүгін қандай керемет күн болғанын білсең ғой!

-Керемет күн! Иә, өте керемет күн! Қызғаныштың қызыл отына өртенген Талғаттың жанарынан ашу мен ызаны байқаған Райса үнсіз қалды.

-Иә, бүгін қай күйеуіңнен келдің? Ыыы, түсінікті сонымен керемет күнді өткізіп келе жатыр екенсің ғой.

-Талғат, жаным-ау, ол не дегенің! ...Ащы дауыс... Көз жас... Тағы. Қайтадан.



балалары үшін деп көнгенмен де шыдамы шытынап, шарасыздық қос қолын байлап, жалғыздықты жанына серік етіп, бар ашу-ызасын, көз жасын, мұңын арқалап ол мекенді тастап кететін-ді. Жо-жоқ, ол сол уақытта жалғыз болған, қазір оның жанына сая болатын бүлдіршіндері бар. Талғат оның өмірінде аяқ астынан пайда болды. Сол бір бас қосу екеуінің махаббат әуенінің бастауы болған. Жаны жабыққан Райсаның көзіне ерекше ілігіп, суыған жанына жылулық сыйлаған. Уақытша... Кішкентай сәбиі мен жанындағы жараны серік етіп бір жыл өмірі төрт қабырғадан әрі аспаған соң, достарының өтінішін жерге тастауға қысылып осы кешке келген. Кеш басында өкініш кеудесін өртегенімен, есіктен сұңғақ бойлы, арықша келген, сымбаты келісті жігіт кіріп келдіде, өзінің кешігіп келгеніне кешірім сұрап, жанындағы жандармен таныса бастады. Оның көзі аңтарыла қараған көп адамдардың ішінде

біріне егіле жылап, бірде балаша күлетін. Көз түйістен басталған бұл махаббат оқиғасы неке сарайындағы жаңа өмір тарауымен жалғасты. Өз өткенін ұмытпаса да, барлығын жүрек түкпірінде сақтаған Райса көп уақыт өтпей қайта оралатынынан бейхабар еді. Араға жыл салып екінші мәрте ана атанды. Мына жалғанда одан басқа бақытты жан жоқтай сезінді. Аяулы жары, қос құлыны қасында... Сол күндердің қайта оралатынан бейхабар шағы еді... Райса Талғатты жолықтырғанға дейін екі мәрте отбасын құрған-ды. Алғашқы құрған отауының күйреуіне себеп, жарының емделмес дерті еді. Олар ұзақ уақыт ата-ана атанбады. Кінәнің барлығын Райсадан көрді, күнделікті ұрыстың соңы қол көтерумен бітетін. Қызының қорлық көргенін көріп жүрегі шыдамай анасы дүние салды. Райсаның шыдамы осы кезде шытынап, қолын бір сілтеп үйден кеткен еді. Араға көп уақыт өтіп жеңгесі

шарпымаған-да... Ащы дауыс... Көз жас... Оның шыдамы таусылған. «Мен де бақытқа лайықты шығармын» деумен әр түн жастығын жасымен жуатын. Таң атқаннан ешкімге сездірмеуге тырысатын.

Тым ауыр... Ауырып барады... Қиын... «Кім бар, құтқарыңдаршы!!» деп жаны айқай салды. Денесіне тиген ауыр соққыдан болу керек қозғала алмады... Есінен танды.

-Аа, ол есін жинады, - деп айқай салған бүлдіршін дауысы.

-Есін жинады дедің бе? Бұл қуанышты жаңалық қой. Қане, былай тұршы. Райса көзін әрең ашты... Бір ғажабы бойындағы ауырлық кеткен. Көз алдында жанарына қуаныш орнаған, екіге айырылып өрілген қос бұрымы өзіне ерекше жарасып кішкентай қуыршақтай қыз және өмір тауқыметін тартқан, бетін әжім торлай бастаған ер кісі.

-Апатай, біз сізді орманнан тауып алдық. Сіз адасып кеттіңіз бе? Сізді қасқыр мен аю жемекші болды ма? Сіз солармен шайқастыңыз ба?

-Ажар, өзіңнің сұрақтарыңмен апаңның мазасын алма. Аздап тынықсын, сосын сұрайсың, жарай ма, қызым?

-Жақсы.

Кейін арада көп уақыт өтті. Сол уақытта өлім аузынан құтқарған сол періште жанмен бас қосты. Өмірден енді өз орнын тапқандай болды. Алдағы өмірде не күтіп тұрғаны белгісіз. Алаңдаушылық және қорқыныш....

P.S. Жат қаладағы бейтаныс жанның әңгімесіне мекен болған Достық даңғылы бойындағы жаңа ашылған кафеде басталған ұзақ әңгімені қысқа шашты қыз тәмәмды да жанындағы жүрегі жылаған жанға қарады.

-Мен саған сенемін! Жазып шығасың!

-Қолымнан келмесе?

-Келеді!

P.S.p.s. Құрметті досым! Бұл оқиға шын өмірден алынды. Естіген сәттен түнім ұйқысыз өтті. Қаншама рет жүрегім ауырды, езілді. Әйел - ғаламның ең мықты жаратылысы. Қаншама сәтсіздік, қаншама көз жас. Автордың ойын барынша ашып жеткізуге тырыстым, бәлкім әлі шикі болар. Дұрыс таңдау жасаңыздар деген тілек қой біздікі. Оқиғаның иесіне шын жүректен бақыт тілеймін. Сіз лайықсыз. Жат қалада бір-бірін танымайтын жандардың жан тебіренесі.

Гүлбиби БАҚЫТБАЕВА



2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№7 (51), тамыз, 2022 жыл

Бaubек Бұлқымов атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Кие

Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай, қайың менен қалың жыныс.
С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы

Жуырда маусым айының 30-ы мен шілденің 13-і аралығында Көкшетау елінде, Бурабай жерінде болудың сәті түсті. Бурабайдың нулы да сулы жерін армансыз араладым. Айнакөлдiң суына емiн-еркiн молынан шомылдым. Көкше өңірі, Бурабай табиғаты туралы не айтуға болар?! Қазақтың аса дарынды ақын ұлы Сәкен Сейфуллиннен сөз қалған ба?.. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы, Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын. Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп, Жүреді біліп кетіп есен-сауын» демей ме, жарықтық! «Сексен көл Көкшетаудың саясында, Әрқайсы алтын кесе аясында. Ауасы дертке дауа, жұпар иісті, Көкірек қанша жұтса тоясың ба?» деуі дәл енді. Тек, өкініштісі, саяхат-серуенді бастаушы (*гид* – «*guide*» (француз тілінде)) Зада қарындас «бүгінде сол ақын жырлаған сексен көлдің он бесі ғана қалды, қалғандары тартылды, суалды» дегенде жүрегім сыздап қоя берді. Не істерсің?! Экология зардабының көрінісі де. Одан әрі ақын жырындағы «Ырғалған көкке

ұсынады. Біз барғанда да солай болды. Санаторий дәрігерлері, қызметшілері мен аспазшыларының қай-қайсысы да, үлкен-кішілері де жымия қарсы алып, құрақ-ұшып, жүгіре жүріп қызметтерін көрсетті, ықылас-пейілдерін артығымен ұсына білді. Бұл орайда «Бурабай» санаторий-орталығының медициналық саласы бойынша директордың орынбасары Дәулетбаева Айгүл Қайыпқызына, «Бурабай» орталығының №1-бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарушы, дәрігер Мұхамеджанова Қарлығаш Жәнібекқызына, санаторийда 1995 жылдан бері тер төге еңбек етіп келе жатқан фтизиатр-дәрігер Сақыпов Айдар Жұманұлына, орталық кітапханасының жетекшісі Ким Наталья Миронқызына, келушілердің құжаттарын аса сабырлық таныта қамқор көңілмен қабылдаушы Гүлнәр ханымға, медицина статисті Азамат інімізге, күллі санаторий ұжым мүшелеріне алғысымыз шексіз. Сондай-ақ, осы жазғы демалыс барысында Бурабай шипажайындағы, Бурабай кентіндегі қайнаған тірлік тұсында үлкенді-кішілі небір тұлғалармен жүздесіп дидактасқанымды қайда қоярсыз. Бұл қатардан жерлес демалушылардың ыстық ықыласымен «генералиссимус» атағын алған саптағы жауынгердей Ақжайықтан келген Зәру жеңгемізді, әр қимылы тағылымға толы қызылордалық Тамара ханымды, сырбаз Сабираны,

Бұл ұрпақты үлкенді құрметтеп, кішіні аялауға, ұлттық салт-дәстүрді үзбей жалғастыруға, ізгі ниетті, адал да турашыл, мәдениетті, тәртіпті де әдепті, ибалы болуға, өмірдің мәнін түсініп, ойлана тұжырымдау қабілеттерін жетілдіруге баулымақ.

Бақсақ, Бурабай өңірі аңыздардан кенде емес. Себебі Бурабайдың табиғатының өзі – аңызға бергісіз тұтас әлем. Кезінде аққан жұлдыздай жарқ етіп өте шыққан, артында көл-көсір мұрасы қалған қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында 15-тен аса аңыз үлгілерін қалдырған екен. Ел сөзіне, қариялар көзіне үңілсек, бір ғана Бурабай өлкесіне қатысты жүздеген аңыз нұсқалары бар екен. Бұл аңыздарға құлақ түрер болсақ, әрқайсысы – бүгінгі жаңа ұрпаққа мол тағылым, әрі ем-шипа. Құдды бір аңыз-терапиясы дерлік. Әрбір аңыз – үнсіз тәлімгер дерсіз. Мәселен, осы саптан «Абылай ханның алаңы», «Қыран мен нәресте туралы», «Болжағыш қыран», «Піл туралы аңыз», «Бөлектау», «Жұмбақтас жартасы туралы», «Тассырғанақ», «Жеке батыр туралы», «Биші қайыңдар», «Балуан Шолақ пен Настасья туралы», «Бурабай тастары туралы», т.б. аңыздар желісін атар едік.

Құлаққа тисе болды ғой. Осы аңыздардың толық нұсқасы кітап дүкендерінде бар болса, ала қояйын деп Бурабай кентін араладым. Дүкен дүңгіршегінің сөресінен Гусева Людмила Анатолийқызының «Бурабай өңірінің аңыздары» атты кітапшасын көргенде, көзім жарқ ете түсіп қуанғаным рас. Көлемі 40 беттік жылтыр жұқа мұқабалы кітапшаның сыртқы бетінде Көкшенің әсем табиғаты көрініс беретін «Оқжетпес» шыңы мен «Жұмбақтас» келбеті әсем безендірілген. Кітапшаның 39-бетінде Бурабай ауылында туып-өскен туризм бойынша кәсіби менеджер еңбектің құрастырушы авторы Людмила ханымның әдемі фотосуреті де қоса беріліпті. Ол Шучье-Бурабай курорттық аймағында туризмді дамытуға өз үлесін қосты, туған жерінің тарихын зерттеп, Бурабайға байланысты халық арасында әр кезеңде айтылған аңыз-әңгімелерді жинақтау жолында тер төге білді делінген. Құп! Еңбек таралымы 1000 дана көлемінде 2012 жылы «Орталық Азия кітап баспасы» ЖШС арқылы Астана-Москва қалаларында жарық көрген. Кітапша қазақтың киелі ақын тұлғасы Сәкен Сейфуллиннің «Талай сыр ертегіні ел айтады, Ызыңдап таудан соққан жел айтады... Толғанып төмен қарап шал айтады, Тамсанып-таңырқанып бала айтады» тармақтарын эпиграф ретінде ала ашылған. Шынымды айтайын, жерден жеті қоян тапқандай балаша қуанып, қазақтарды былай қойғанда орыс қызы Людмиланың бұл еңбегіне алғысымды жаудырғалы, «Ой, айналайын!» деп айтуға оқтала бере, кітапшаны парақтай аша келе, кілт тоқтадым. Кітап мәтіндерін оқи келе, бағанағы қуанышымның қайда кеткенін білмеймін. Құдды, жүзім сұп-сұр болып кетсе керек. Тіл жоқ, үнсіз қақшиып қаттым да қалдым. Қос құлағым да тас бітеліп қалғандай. Жанымдағы бірге жүрген жолдасымның «Не болып қалды?!» деп айтып жатқаны еміс-еміс құлағыма жеткендей... «Людмилажан-ау, айналайын-ау, халықты былай қорлауға бола ма екен?! Киесі жұғады ғой! Абырой жинаймын деп, абыройсыздыққа тап болыпсыз... Қысқасы, 40 беттік кітап мазмұны – тұнып тұрған қате, өрескел стильдік сауатсыздық. Кітапшаға енгізілген халық аңыздарының мәтіндері қойыртпақ бірдеме. Түк түсінсем бұйырмасын! Құдды бір кітапша шала қазақтарға арналғандай. Тіпті, олар да түсінбес-ау! Мынауың кітап емес, макулатура! Жә, Людмила Гусева қазақша түсінбесін, кітап редакторы С.К.Искакова, корректоры Г.Ш.Саржановалар қайда қараған дерсің! Айға қараған ба? Людмила, жарқыным! Кітаптың қазақ тіліндегі мәтінінде не жазылғанын білмесең, қазақша түсінбесең, көтере алмас шоқпарды беліңе байлап нең бар еді?! Арзан абыройға аяқ астынан кенелемдеушілік, жауапсыздық орға жығар деген осы да! Қайран қор болған ата-бабамның аруағы-ай, алтынға айырбастамас аңыздары-ай!.. Таудың тағы түйесі Ақ Бура ақырып, кейінгі ұрпақты көмекке шақырып жатқан шығар-ау! Оны естір кейінгі ұрпақта есті құлақ бар ма дерсіз!..

P.S. Иә, Алла Әлемді жаратарда қазаққа таңғажайып тамылжыған теңдессіз Бурабай өлкесін сыйлаған екен... Қолда бардың қадірін біліп жүрміз бе, Тәуелсіз елдің жаңа ұрпағы!..

«Беу, Бурабай, баурайың кие қандай! Ұға алмаған киенді күйеді оңбай»

бойлап қарағайы, Қасында көк желекті әппақ қайың. Жібектей желмен шарпып төңіректі, Балқытып мас қылады иіс майы» деген жолдар тұп-тура шындық. Бір жалғаны жоқ. Құдды, ақын осы жолдарды Көкше нуын аралап жүріп жазған дерсіз! Рас-ау! Бурабай – сөзсіз, жер жәннаты. Бардың қадірін білсек қой, шіркін!

Бүгінгі Бурабай туралы не айтуға болады? Орталық-санаторий директорының орынбасары Айгүл Қайыпқызының берген мәліметіне сүйенсек, Бурабай санаторийі 129,299 га жер көлемін алып жатыр. Көкше тауының биіктігі 947 м., теңіз деңгейінен 480 м биіктікте. Төңірегі 14 өзенмен қамтылған. Бұл өңір жануарлардың 305 түрін, өсімдіктердің 757 түрін қамтиды. Ауа райы өзгермелі, қыр бөлігіне қарағанда 1,5 есе жауын-шашыны көбірек. Климаты шұғыл континентальды болып келеді. Ауа ылғалдығы 70-77 %. Бурабай ауасының биологиялық құрамы адам ағзасына аса пайдалы иондарға бай. Мәселен, 1 га қарағайлы алаңы тәулігіне атмосфераға шамамен 20 кг ағзаға аса шипалы фитоцидтерді бөліп шығарады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы қаңтар айының 16-сындағы №176 Жарлығына сәйкес «Бурабай» Республикалық оңалту орталығы ретінде құрылған. Аталмыш орталықта табиғи таза ауа райының әсері арқылы тұлғалардың өкпе-тыныс жолдарын (созылмалы бронхит, бронхальды астманы емдеуге тиімділігі басым) емдеуге негізделген кешенді ем-домдар қолданылады. Мәселен, климаттық ерекшелікке бейімделген қымыз-терапиясы, т.б. Бүгінгі таңда Бурабай республикалық оңалту орталығы базасында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен «Курорттық және медициналық оңалту негізіндегі ғылыми-зерттеу институтын құру» мәселесі қарастырылуда. Демек, бүгінгі «Бурабай» санаторийі – адам денсаулығын жақсарту мен ұзақ жасауына бірден-бір кепіл боларлық орталық.

Қысқасы, шыңылтыр шілде айының басында «Бурабай» республикалық оңалту орталығы-санаторийінде болдым. Оңалту орталығы-санаторийі ұжымы арнайы жолдамамен Қазақстанның түкпір-түкпірінен келушілерді тік тұрып қарсы алады. Ем-домның сан алуан түрін

шымкенттік ғалым ғылым докторы, профессор Әбдіманап Әбдіразақұлы мырзаны, әркез шалт жүрер жарқын жүзді қаратөбелік Шаттық қарындасымды, қасынан бір елі қалмайтын жолдасы, сабырлы азамат Талғат інімді, сөзі ғибратқа толы түркістандық Тұмаркүл кейуананы, ашық, көрген жан ғашық болар, ақ та пәк, келін етуге әбден лайық бурабайлық еңбекқор студент Айнараны, нұр дидактарлы ақмаңдай Айнашты, күлімдесе, көзінен күллі әлем көрінер Балжанды, шаш қойысы бөлек, сымбатты «сыған» қызы Зұлфияны, ағылған ақ пейілді алып қыз Гүлмираны, сөзі де, өзі де өзгені магниттей баурап алар, саяхат-серуеннің сәнін де, мәнін де үйлестіруші «золотая» Заданы, таңғажайып өнімен шөлдеген жанның әп сәтте шөлін қандырап, көмейіне бұлбұл ұя салған өнші, әрі толқынды әуен сазында мың бұрала вальс билейтін талдықорғандық өнерсүйер апамыз бен Шәмші ағамызды, т.б. баса атар едік. Бір ғажабы, биылғы санаторийда демалушылардың қай-қайсысы да шетінен өнерлі, мәдениет білгіріндегі тұлғалар болғаны жүрек қуантады. Барлығы да әркез бір отбасының баласындай бір-біріне бауырмал, дос, жолдас кейіп таныта алды. Байқағанымыздай, санаторийдың биылғы маусымында әйел-қыздар қауымы басым. Сәйкесінше, олардың бір-біріне сәлемдесулері де сәнді. Әдетте, әйел-қыздар бір-бірімен амандасқанда ерлерше сәлем бермейді. Бірқатары «Амансыз ба, ден-қарныңыз сау ма, үй іші, бала-шағаңыз аман ба?» деп қос қолдарын беріп амандасса, тұрғыластар тобы, таныс, дос-жаран, құрбы-құрдастар жағы құшақтасып, беттерін еріндерінің ұшымен сүйіп амандасып жатады. Ал қазақи тәрбие көрген Құралай, Жанар сынды келін-сіңлілері біздің үйдегі жеңгелеріне қол беріп емес, сәл иіліп, оң алақанының сыртымен оң тізесінің көзін тең баса (кей тұста екі алақанының сыртымен екі тізесінің көзін тең баса) сәлем жасап, онан соң, амандық сұрасатыны жүрек жылытады. Келін-сіңлілері сәлем жасағанда жеңгелері де қарап қалмай, «Тәңір жарылқасын! Жасың ұзақ болсын! Ұл тапқайсың!» деп бата беріп жатты. Қандай жарасымды текті дәстүр десеңізші! Демек, қазақтың сәлем салу дәстүрінде үлкен ғылыми мән-мағына, мол этикалық және адамгершілік өнегенің ұшқыны жатыр.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері

Қош келдің студент!

Сіздерді студент атануларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Студенттік сапардың сан қилы жолында адаспай, армандарыңызға ұмтылып, болашақ маман иелері атану кезеңіндегі белсенді жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

Ең алғашқы күн. Лүпілдеген жүректері кеудеге сыймай, білім ордасына қадам басқалы отырған балмұздақтардың бал өмірі басталатын тұс. Олардың бұл шаққа деген сенімдері зор. Сол үміттің шамшырағын өшірмей, ғылым үйреніп, өзін тануға ұмтылатын алтын жандар ең алдымен өздері білім алатын университет туралы шағын мәліметтен хабардар болуы керек. Жас белсенділер үшін студенттік саяхаттың пердесін өздеріне арналған салтанаттың шараның

шымылдығы ашады. Құттықтау жиыны кезінде олар өздеріне артылған жүктің қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Мерекелік жиыннан соң әр факультет студенттері өздеріне белгіленген топ кураторларымен бірге жиналыс өткізеді. Соның негізінде оқу жоспары мен сабақ кестесі бекітіліп, топ университет тіршілігімен танысады.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жетекші мамандарды дайындау жолында 90 жылды артқа тастаған жоғары білім беру жүйесінің қара шаңырағы. Уақыт пен сапаға жұмыс жасайтын үздік орда ізденімпаз студенттер үшін таптырмас оқу орны.

БҚУ басшылығы



СЕРҒАЛИЕВ
Нұрпан Хабиболлаұлы
Басқарма төрағасы-ректордың м.а.



АХМЕДЕНОВ Қажымұрат Мақсотұлы
Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың м.а.



ДӘРІШЕВА Түймеш Малбағарқызы
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың м.а.




ИМАШЕВ Эдуард Жүсіпұлы
Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.

Факультет декандары




АҚБОЛАТОВ
Айдарбек
Ахметұлы
Филология факультетінің деканы




НЕСТЕРЕНКО
Галина
Ивановна
Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы



АБУЛКАСОВА
Дина
Бақытжанқызы
Физика-математика факультетінің деканы



ТҰРҒЫНБАЕВ
Ахан Асқарұлы
Жаратылыстану-география факультетінің деканы



ЕРҒАЛИЕВА
Гүлжан
Алғазықызы
Педагогика факультетінің деканы



ҚАЖЫМОВА
Қарлығаш
Рахымқызы
Мәдениет және өнер факультетінің деканы

БҚУ-нің оқу ғимараттары



№1 ғимарат
Достық даңғылы, 162



№3 оқу ғимараты
Сарайшық көшесі, 34



№4 ғимарат
Достық даңғылы, 137



№5 оқу ғимараты
Достық даңғылы, 121



№7 оқу ғимараты
Студент көшесі, 3



№8 оқу ғимараты
Студент көшесі, 1

Студент 1Б көшесінде орналасқан № 1 жатақхана толық жағдаймен қамтамасыз етілген. Әр студентке жарық бөлме, қолайлы орын 100% деңгейде ұйымдастырылған.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 280

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА
ТІЛШІЛЕР: Жанна АВТАЕВА,
Гүлнұр ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ
БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:
Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы
Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.: 50-51-46, 51-41-99